

ТУПНҰСҚА

| | | |
|---|---|--|
| ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | Дәріс кешені | 77/11- 38 беттің 1 беті |

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медициналық колледж

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәннің/модульдің атауы: «Менеджмент және маркетинг негіздерімен
фармацияны ұйымдастыру және экономикасы»
Мамандығы: 09160100 – «Фармация»
Біліктілігі: 4S09160101 – «Фармацевт»

Курс: 3
Семестр: 5
Оқу уақытының көлемі сағат/кредиттер KZ: 168/7
Аудиториялық сабақтар: 48

Шымкент, 2024

| | |
|---|---|
| ONTÜSTIK QAZAOSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | 56 беттің 2 беті |

«Менеджмент және маркетинг негіздерімен фармацевцияны ұйымдастыру және экономикасы» пәні бойынша дәріс кешенін құрастырған оқытушылар:

Кабылбекова.Т.Ж.
Иманкулова С.М.

09160100 – «Фармация» мамандығы оқу жұмыс жоспары негізінде құрастырылды.

«Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы отырысында каралды және ұсынылды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024ж.

«Фармацевтикалық пәндер» кафедрасының менгерушісі Ботабаева Ботабаева Р.Е.

«Фармацевтикалық пәндер» ПЦК мәжілісінде қарастырылды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024ж.

ПЦК төрайымы Ботабаева Ботабаева Р.Е.

ОҚМА АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кенесінде мақұлданды.

Хаттама № 1 «29» 08 2024ж.

ӘК төрайымы: Рахманова Рахманова Г.С.

| | |
|--|---|
| O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | 56 беттің 3 беті |

4.1.Сабақтың тақырыбы. №1. Фармацевтикалық нарық және оның мемлекеттік реттелуі. Дәрілік заттар айналысы салаларын мемлекеттік реттеу.

4.2.Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға фармацевтикалық нарық, нарықтық тепе-теңдік, сұраныс заңы, ұсыныс заңы және дәрілік заттар айналысы салаларын мемлекеттік реттеу туралы түсінік қалыптастыру.

Оқыту: Денсаулық сақтау жүйесін дәрімен қамтамасыз етудің Ұлттық саясатын жүзеге асыру іс-шаралар кешенін түсіндіру. Фармацевтикалық жүйеде тауарларды және қызметтерді тұтыну нарығы қарастырылады. Дәріханалық ұйымдар үшін тауарлар және қызметтер болып дәрілік заттар, медициналық бұйымдар, фармацевтикалық тауарлар, ақпараттық және басқа да қызметтер саналады. Нарықтық экономикада сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдікке ұмтылады. Сұраныс пен ұсыныс барлық уақытта бірдей болмайды, бірақ нарықта әрқашан тепе-теңдікке ұмтылу тенденциясы бар

Тәрбиелік: Білім алушылардың фармация мамандығын меңгеруде өз құқықтары мен міндеттерін білуі халыққа фармацевтикалық көмек көрсетуде дұрыс патриоттық сезімін қалыптастыру, сондай-ақ медициналық көмектің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін, денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, отандық фармацевтикалық өндіріс пен логистиканы дамыту мақсатында жауапкершілікті қалыптастыру.

Дамыту: Халықты отандық өндірістегі дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселелерін, дәрілік заттардың қолжетімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін, тиімді қолданылуын қамтамасыз ету сияқты негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін білімді мамандарды жетілдіру.

4.3. Дәріс тезистері:

Нарық – кешенді экономикалық категория болып саналады. Нарық категориясын терең түсіну, оның қоғамдағы экономикалық қатынастар жүйесінде өндіріс, айырбас, тұтыну процестеріндегі алатын орнын ескеру арқылы жүзеге асады.

Нарық- тауарларды, қызмет көрсетулерді сатып алу-сату барысында шаруашылық субъектілерінің арасында қалыптасатын және нәтижесінде сұраныс, ұсыныс, баға пайда болатын экономикалық қатынастар жүйесін құрайды.

Фармацевтикалық жүйеде тауарларды және қызметтерді тұтыну нарығы қарастырылады. Дәріханалық ұйымдар үшін тауарлар және қызметтер болып дәрілік заттар, медициналық бұйымдар, фармацевтикалық тауарлар, ақпараттық және басқа да қызметтер саналады.

Нарықтық жүйе нарықтық экономиканы қалыптастырады. Нарықтық экономиканың нарықтық жүйеден басқа келесі белгілері бар, атап айтқанда:

- Өндірістік заттарға жеке иелік жасау;
- Кәсіпкерліктік еркіндік және көрсеткішті таңдау;
- Жеке мүдделік негізгі мотив ретінде;
- Бәсекелестік;
- Нарықтық баға жүйесіне икемделу;
- Үкімет ықпалының шектелуі.

Нарықтық жүйеге кіретін негізгі нарық түрлеріне:

- Жұмыс күші нарығы;
- Құнды қағаздар нарығы;
- Капиталдар нарығы;

| | | |
|--|--|---|
| OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 4 беті |

- Қаржы нарығы;
- Тауарлар мен қызметтер нарығы, оның ішінде дәрілік заттар, медициналық бұйымдар, фармацевтикалық тауарлар нарығы;
- Технологиялар нарығы т.б. жатады.

Нарықтар белгілеріне қарай келесі түрлер бойынша жіктеледі:

1. Тауарлардың алмасу объектісі ретінде салалық жатқызылуларына қарай: дәрілік заттар нарығы, автокөліктер нарығы т.б.
2. Тауарларды сатушылар мен сатып алушылардың экономикалық байланыстарының тарау деңгейлеріне қарай:
 - Жерілікті (аудан, қала, ауылдық, қалалық жерерде);
 - Аймақтық (облыстық);
 - Ішкі (ұлттық, отандық);
 - Сыртқы (әлемдік, мемлекетаралық)
3. Сұраныс пен ұсыныстың деңгейлеріне және сипаттарына қарай:
 - Сатып алушы нарығы. Аталған нарықта тауарлардың ұсынысы тұтынушылардың сұранысынан көп болады;
 - Сатушы нарығы. Нарықтың бұл түрінде тұтынушылардың сұранысы, тауарларды сатушылардың ұсынысынан көп болады.
4. Тауарларды сатып алушылардың типтеріне қарай:
 - Көтерме сауда нарығы. Нарықтың сатып алушыларын тауарөндірушілер және көпшілік тұтынушылар – мемлекеттік мекемелер құрайды;
 - Сауда-делдалдық нарық. Нарықтың тұтынушылары болып тауарларды алғаннан кейін қайта сататын сауда кәсіпорындары – түрлі дистрибьюторлар саналады;
 - Бөлшек сауда тұтыну нарығы. Нарықтың сатып алушыларын соңғы тұтынушылар құрайды.
5. Тауарөндірушілер мен тұтынушылар арасындағы қатынастылыққа қарай нарық құрылымдық типтерге немесе нарықтық модельдерге бөлінеді.

Қазіргі кезеңдегі фармацевтикалық нарықтың және дәріханалар экономикасының ерекшеліктері

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық тауарларды, фармацевтикалық қызметтер мен ғылыми-кеңестік ақпараттарды қамтитын фармацевтикалық нарық жалпы экономикалық нарықтық жүйенің құрамды бөлігі болып саналады.

Нарықтың кез-келген түрінің заңдылықтары, сипаттамалары мен қызметтері фармацевтикалық нарыққа да тән келеді. Сонымен қатар, даму үстіндегі фармацевтикалық нарық дәрілік заттардың өндірісі, қозғалысы және тұтынылумен байланысты ерекшелінеді.

Қазіргі кезеңдегі фармацевтикалық нарықтың негізгі ерекшеліктеріне келесілер жатады:

- Дәрілік заттар ассортименттерінің үнемі өсуі;
- Отандық тауар өндірушілердің дәрілік заттардың қажеттілігін қамтамасыз ете алмауы;
- Демография, дәстүр, басқа да факторлармен байланысты территориялық ерекшеліктер т.б.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 5 беті |

Дәріханада микроэкономика субъектілерінің бірі ретінде өзінің экономикалық іс-әрекеттерімен ерекшелінеді. Дәріхананың экономикасын медициналық, өндірістік, маркетингтік, әлеуметтік, сатып-өткізушілік, ақпараттық қызметтердің қатар жүргізілуі анықтайды. Осы қызметтердің әрқайсысы дәріхананың экономикасына әсерін тигізеді.

Фармацевтикалық нарықтағы сұраныс және ұсыныс заңдарының әсері

Нарықтың негізгі экономикалық заңдарына сұраныс заңы, ұсыныс заңы, құн заңы жатады. Сұраныс тұтынушының тауарларды сатып алуға ақшалай мүмкіншілігінің негізіндегі қабылданған шешімін қарастыратын нарықтық экономиканың басты түсініктерінің бірін құрайды.

Сұраныс сұраныстың көлемі көреткіштерімен сипатталады. Сұраныс көлемі көрсеткіші тұтынушының белгілі жағдайларда нақты уақытта, нақты бағамен тұтыну сатып ала алатын тауарлардың санын көрсетеді. Бұл көрсетілген белгілі жағдайларға тұтынушының талғамы, тауарлардың қажеттілігі, ақшалай табысы жатады.

Сұраныстың мәнін түсіну үшін сұраныс заңын білу қажет.

Сұраныс заңы – басқа барлық тең жағдайларда тауарларға деген сұраныс сандық жағынан бағасына кері байланыстылықта қалыптасады.

Осы көрсетілген кері байланыстылық түрлі себептерге негізделеді.

Біріншіден, тауарлардың бағасының арзандауы тауарларды сатып алушылар санын көбейтеді.

Екіншіден, кез-келген тауардың пайдалылығы шегінің төмендеуі принципіне әсер етеді.

Үшіншіден, тауарлардың бағасының төмендеуі табыс және алмастыру әсерін туындатады.

Бағаның арзандауы тұтынушылардың сатып алу қабілеттілігін жоғарлатады.

Осылайша сұраныс заңына сәйкес тауарлардың бағасының өсуі, тауарларға деген сұраныстың төмендеуін туындатады.

Бағаның илгіштік коэффициенті (ε_6) келесі формула бойынша есептелінеді:

$$\varepsilon_6 = \frac{Q_1 - Q_0}{Q_0} \div \frac{P_1 - P_0}{P_0}$$

Q_1 және Q_0 - сатып алынатын тауарлардың саны;

P_1 және P_0 - тауарлардың бағасы

ε_6 баға 1%-ға өзгерген кезде сұраныс көлемінің қанша пайызға өзгеретінін көрсетеді.

ε_6 әрқашан <0 болады; $\varepsilon_6 > 1$ болса, сұраныс илгіш болады, ал $\varepsilon_6 < 1$ болса, сұраныс илгіш емес болады.

Бағаның илгіштігін есептеп немесе сұраныс графигін тұрғызып, нақты тауарларға деген сұраныстың иілігіш немесе илгіш еместігін анықтауға болады.

Нарықтық экономиканың негізгі құралының бірі болып ұсыныс саналады.

Ұсыныс заңы – тауарлардың тауарларды бағасының жоғарылауына байланысты ұсыныстың өсетінін, ал бағаның төмендеуімен ұсыныстың да азаятынын көрсетеді. Тауарлардың бағасы мен ұсыныстың арасындағы тікелей тәуелділік болады.

Ұсынысты тауар өндірушінің нарыққа сату үшін тауарларды шығару қабілеті мен сатуды қалауы ретінде қарастыруға болады.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 6 беті |

Тауар өндірушінің, бөлек сатушының немесе сатушылар тобының белгілі жағдайларда нарықта сатқысы келетін тауарларының саны – ұсыныстың көлемін құрайды.

Ұсыныстың бағасы – сатушының тауарларының белгілі санын сатуға келіскен минималдық бағасын құрайды.

Ұсыныстың бағаға тәуелділігі бағаның 1%-ға өзгерген кездегі ұсыныстың өзгеру мөлшерін көрсететін ұсыныстың иілгіштік коэффициентімен сипатталады. Ұсыныстың иілгіштік коэффициенті үнемі оң мәнде болады. Ұсыныстың иілгіштік коэффициентін есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$\varepsilon_s = \frac{Q_1 - Q_0}{Q_0} \div \frac{P_1 - P_0}{P_0}$$

Q_1 және Q_0 - бағадағы сатылуға ұсынылған тауарлардың саны;

P_1 және P_0 - тауарлардың бағасы

Ұсыныстың иілгіштігі - бағаның өсуімен байланысты ұсыныстар жиынтығының өзгерістерін сипаттайтын көрсеткіш. Ұсыныстың өсуі бағаның өсуінен көп болған жағдайда – ұсыныс иілгіш болып саналады ($S > 1$); ұсыныстың өсуі мен бағаның өсуі бір-біріне тең болған жағдайда иілгіштік көрсеткіш бірге тең болады ($S = 1$); ұсыныстың өсуі бағаның өсуінен аз болған жағдайда ($S < 1$) иілгіш емес ұсыныс қалыптасады.

Нарықтық экономикада сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдікке ұмтылады. Сұраныс пен ұсыныс барлық уақытта бірдей болмайды, бірақ нарықта әрқашан тепе-теңдікке ұмтылу тенденциясы бар.

Нарықта тепе-теңдік нүктесі автоматты түрде мемлекеттің қатысынсыз анықталады. Нарықтық тепе-теңдік – сатушы мен тұтынушы арасындағы компромистікті қарастырады. Компромистікке бағаның теңдігі механизм арқылы қол жеткізіледі. Бағаның теңдігі тауарды сатып алушы мен сатушының мүддесі сәйкес келген жағдайда орын алады.

Жүргізілген экономикалық зерттеулерде нарықтық бағаны қалыптастырудың келесі негізгі принциптерін ескерудің қажеттілігі көрсетіледі:

- Баға әрқашан сұраныс пен ұсыныстың тең болу деңгейіне тырысады;
- Бағалық емес факторлардың әсерінен сұраныс өскен кезде немесе сұраныстың өзгеріссіз ұсыныс төмендегенде баға өседі;
- Ұсыныстың өзгеріссіз сұраныстың төмендеуі және сұраныстың өзгеріссіз ұсыныстың өсуінде баға төмендейді.

Тұтынушылық тәртіптің заңдылықтары

Экономикалық теория да нарықтағы тұтынушының тәртібі үш сатыда қарастырылады:

1. Тұтынушының талғамын зерделеу
2. Тұтынушының бюджеттік шектеулерін зерделеу
3. Тұтынушының тұтынулық таңдауы

Тұтынушының талғамы үш түрлі жолмен қалыптасуы мүмкін:

- Белгілі тауар түріне деген сенімділік арқылы;
- Транзитивтік немесе тауарлардың салыстырмалы түрдегі артықшылықтары арқылы;
- Тауарлардың бәрі жақсы қасиеттеріне сәйкес, сатып алынатын тауарлардың көптігіне тырысу арқылы, мысалы тіс пастасының бір бағадағы бір тубигінің орнына, сол бағадағы екі тубигін сатып алу.

| | | |
|--|--|---|
| OŃTŪSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 7 беті |

Тиімді жүргізілген жарнама жұмыстарының нәтижесінде нарықта жаңа тауарлар пайда болып, сұраныстар өзгеріп, талғамның өзгеруі жүзеге асады.

Денсаулық сақтаудың маңызды міндеттерінің бірі – халықты қауіпсіз, тиімді, сапалы және қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету болып табылады.

Осыны негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Үкіметке Ұлттық фармацевтикалық өндірушілер есебінен ішкі тұтынуды дәрілік препараттармен қамтамасыз етуді мақсат етіп қойды. 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы 2010 жылы Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған фармацевтикалық өнеркәсібін дамыту жөніндегі бағдарламасының жалғасы ретінде бекітіліп, бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі халықты отандық өндірістегі дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселелерін, дәрілік заттардың қолжетімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін, тиімді қолданылуын қамтамасыз ету сияқты негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін іс-шаралар кешенінің тиімділігін әзірлеу, орындау және мониторинг жасауды алдын-ала қарастыратын дәрілік қамтамасыз ету және Денсаулық сақтау жүйесін дәрімен қамтамасыз етудің Ұлттық саясатын жүзеге асыру болып табылады.

Ұлттық дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету саясатын іске асыру.

Медициналық көмектің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін, денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, отандық фармацевтикалық өндіріс пен логистиканы дамыту мақсатында Ұлттық дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету саясаты іске асырылатын болады. ҰДҚС іске асыру келесі маңызды міндеттерді іске асыру үшін іс-шаралар кешенін әзірлеуді, орындауды және тиімділігін мониторингтеуді көздейді:

- 1) дәрілік заттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 2) дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) дәрілік заттардың ұтымды қолданылуын қамтамасыз ету.

1. Дәрілік заттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету.

ДЗ қолжетімділігі одан әрі Қазақстан Республикасы мен Кеден Одағы Еуразиялық экономикалық кеңес (ЕЭК) елдерінің аумағында пайдалануға рұқсат ету үшін ДЗ-ды кешенді іріктеу жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Бұл мақсаттарда ДЗ мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу жүйесі жетілдірілетін болады. Іріктеудің дәл және айқын критерийлерінің, соның ішінде:

- 1) ғылыми негізделген дәлелділік базасының болуы;
- 2) тіркеу деректерінің толық зертханалық сәйкестігі;
- 3) емдеу курсының құнын ескерілген экономикалық негізді баға.

Денсаулық сақтау саласындағы орталық уәкілетті орган жанындағы Ұлттық формулярлық комиссия қызметінің тиімділігін арттырудың негізінде ұлттық формулярлық жүйені әрі қарай дамыту жалғастырылады.

Ұлттық формулярлық комиссия Қазақстанның ұлттық дәрі-дәрмектік формулярын (ҚҰДФ) қарап, мақұлдайтын болады.

ДЗ іріктеу шеңберінде ҚР заңнамасына сәйкес отандық өндірістің ДЗ айналымына мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілетін болады.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 8 беті |

Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында ДЗ-дың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатымен ДЗ сатып алу тетіктері жетілдірілетін болады.

ДЗ-ды орталықтандырылған сатып алу, логистикасы және бірыңғай дистрибьютері функциялары өңірлерге бөлу және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (концессия) қағидасының негізінде кезең кезеңімен конкурстық негізде бәсекелес ортаға берілетін болады.

Халық үшін ДЗ экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар іске асырылатын болады. Бұл шаралар ЕЭК елдеріндегі және басқа да елдердегі ДЗ бағасына ұдайы мониторинг жүргізуге, белгіленетін ең жоғары көтерме және бөлшек бағаның және импорттаушылардың валюталық тәуекелдерінен тыс жеткізілім көлемі бойынша міндеттемелердің негізінде ДЗ-ды тіркеуге негізделетін болады.

Дәрілерді бақылаусыз қабылдауды болдырмау үшін тек қана рецепт бойынша босатылатын дәрілік заттардың тізбесі кеңейтілетін болады.

Елді мекендердің алшақ орналасуы мен табиғи-климаттық жағдайлардан тәуелсіз ДЗ дистрибуциясы, логистикасы мен жеткізілімі жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданатын болады.

2. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

GMP (ағыл. Good Manufacturing Practice – сәйкес өндірістік тәжірибе) стандарттарының негізінде ДЗ өндірісінің сапасын қамтамасыз ету бойынша жүйелік шаралар қабылданатын болады. 2018 жылға қарай ҚР-дағы барлық ДЗ өндірісі толықтай осы стандарттарға өтеді.

ҚР-да қолдану үшін тіркелген шетелдік өндірістің ДЗ-ның осы стандарттарға сәйкестігін бақылау мақсатымен фармацевтикалық инспекторат дамытылады.

ДЗ логистикасы мен сақталуының сапасы 2018 жылға қарай өз қызметін ҚР аумағында жүзеге асыратын барлық таратушылардың міндетті түрде GDP (Good Distribution Practice – сәйкес дистрибьюторлық тәжірибе) стандарттарына өтуімен қамтамасыз етілетін болады.

2018 жылға қарай тіркеу кезінде, сондай-ақ маркетингтен кейінгі кезеңде ДЗ сапасын зертханалық бақылау тек уәкілетті зертханалық деректерінің GLP (ағыл. Good Laboratory Practice – сәйкес зертханалық тәжірибе) стандартына сәйкес болуының негізінде ғана жүзеге асырылатын болады (тіркеу және постмаркетингтік бақылау).

ДЗ сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету де GCP (ағыл. Good Clinical Practice – сәйкес клиникалық тәжірибе) стандарттары бойынша клиникалық сынақтар өткізумен қамтамасыз етілмек. ДЗ сапасын арттыру, сондай-ақ клиникалық базалардың ғылыми және техникалық әлеуетін көтеру мақсатымен Қазақстан Республикасындағы жаңа ДЗ-дың клиникалық сынақтарын өткізуді қолдау бойынша шаралар кешені әзірленетін болады.

ДЗ айналымын және сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылданад. ҚР аумағында қолданылатын ДЗ сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың өкілеттіліктері мен жауапкершілігі заңнамалық тәртіппен күшейтілетін болады.

3. Дәрілік заттардың ұтымды қолданылуын қамтамасыз ету.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 9 беті |

ДЗ мен ММБ ұтымды қолданылуын қамтамасыз ету үшін дәлелді медицинаны одан әрі дамыту, сондай-ақ ауруларды диагностикалау мен емдеудің отандық және халықаралық клиникалық нұсқаулықтарын, хаттамаларының негізінде денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық үдерістерді стандарттау негіз болады.

Осы мақсатпен денсаулық сақтау ұйымдарында ұлттық формулярлық жүйені дамыту және жетілдіру жалғастырылатын болады.

Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярлары жекелеген, неғұрлым шығын көп жұмсалатын ДЗ-ға қатысты қолдану тиімділігіне тұрақты түрде мониторинг және бағалау жүргізудің негізінде ұдайы жетілдіріліп тұратын болады.

Денсаулық сақтау ұйымдарында штаттағы клиникалық фармакологтар, ішкі аудит қызметтері және, қажіттілігіне қарай, сыртқы тәуелсіз сарапшылар ДЗ ұтымды қолданылуына толыққанды мониторинг және талдау жасауды қамтамасыз етеді.

Медициналық ұйымдардың клиникалық фармакология мамандарымен қажетті кадрлық жарактандырылуы бойынша шаралар іске асырылады.

ҰДҚС тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ұйымның меншік нысанына қарамастан, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласында мамандарды жаппай оқыту бағдарламасы әзірленеді және іске асырылады.

Осы Мембағдарламаның мониторингтеу іс-шараларының шеңберінде ҰДҚС іске асырылуының тиімділігін мониторингтеу және талдау қамтамасыз етеді. Жоғарыда сипатталған шараларды тиімді іске асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның, медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті денсаулық сақтауды басқару органдарының міндеттері мен функциясы талданатын және қайта қаралатын болады, нормативтік базаны жетілдіріледі.

Қазіргі кезеңдегі дәрілік заттар айналысының нормативтік-құқықтық базасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін қалыптасты. (1 сурет). Қазақстан Республикасының негізгі Заңына сәйкес азаматтардың денсаулығын сақтау және медициналық көмек алу құқықтары бекітілген.

1 сурет – Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және фармацевтикалық жүйесінің нормативтік-құқықтық базасының негізі

Қазақстан Республикасында еліміздің негізгі заңының талаптарына сәйкес Республика Үкіметімен азаматтарды кепілді көлемде ақысыз медициналық көмекпен қамтамасыз етудің мемлекеттік кепілдік бағдарламасы жасалған. Аталған бағдарлама аясында ҚР азаматтарына бюджеттік қаражаттар есебінен көрсетілетін медициналық көмектердің түрлері мен көлемдері (жедел медициналық жәрдем, әлеуметтік маңызды психатриялық, қатерлік ісік, туберкулез т.б. ауруларға көрсетілетін медициналық көмек т.б.) анықталған.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

4.5.Әдебиеттер. Қосымша 1.

4.6. Бақылау сұрақтары:

1. Нарық және нарықтық жүйе. Нарықтың түрлері.
2. Фармацевтикалық нарықтың ерекшеліктері.
3. Сұраныс заңы, Ұсыныс заңы.
4. Тұтынушылық тәртіптің заңдылықтары.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 10 беті |

5. Ұлттық дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету саясатын іске асыру жүйесі.
6. ҚР фармацевтикалық көмек көрсетудің негізгі принциптері.

4.1.Сабақтың тақырыбы. №2 Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін заңнамалар.

4.2.Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға ҚР Негізгі заңы, ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі бекіткен жарлықтар, бұйрықтар және Фармацевтикалық қызмет туралы ақпарат беру.

Оқыту: фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеуді түсіндіру.

Тәрбиелік: фармацевтикалық жүйенің алға қарай нақты түрде даму стратегиясы денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатқа негізделген сезімін қалыптастыру.

Дамыту: дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз ету, тіркеуден өткізу және сертификаттау жұмыстарын реттейтін білімді мамандарды жетілдіру.

4.3. Дәріс тезистері:

Фармацевтикалық қызмет – дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіру, дайындау көтерме және бөлшек саудада өткізу бойынша денсаулық сақтау саласында жүзеге асырылатын, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алуға, сақтауға, әкелуге, әкетуге, сапасын бақылауға, ресімдеуге, таратуға, пайдалануға және жоюға, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз етуге байланысты қызмет.

Фармацевтикалық қызмет фармацевтикалық медициналық зауыттарда цехтарда фабрикаларда сондай-ақ дәріхана қоймаларында дәріханаларда дәріхана пункттерінде емдеу-техника оптика дүкендерінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін заңнамалары



| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | Дәріс кешені | 77/ 11 56 беттің 11 беті |

Дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесі

1. Осы Дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Дәрілік заттар туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы [Заңына](#) сәйкес әзірленді және дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік органның (бұдан әрі - мемлекеттік орган) дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды (бұдан әрі - мемлекеттік фармацевтикалық бақылау) ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік фармацевтикалық бақылаудың мақсаты дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілердің Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттар айналымын реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді, стандарттарды, ережелер мен нормаларды сақтауын белгілеу болып табылады.

3. Мемлекеттік фармацевтикалық бақылаудың міндеттері фармацевтикалық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілердің бұзылуын анықтау және оның жолын кесу және фармацевтикалық қызметті Қазақстан Республикасының дәрілік заттар айналымы саласындағы заңнама талаптарына сәйкес келтіру болып табылады.

Фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеуді

- Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган;
- Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары;
- Фармацевтикалық қызмет саласындағы басшылықты іске асыратын мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

- 1) дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу;
- 2) фармацевтикалық қызметті лицензиялау;
- 3) дәрілік заттарды сертификаттау;
- 4) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды аттестаттау;
- 5) фармацевтикалық қызметке мемлекеттік қадағалау жасау;
- 6) уәкілетті орган

Дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілердің Қазақстан Республикасында дәрілік заттар айналымын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді, стандарттардың, ережелер мен нормалардың сақтауын белгілеу мақсатында уәкілетті органның лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау:

- 1) Дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ анонимдік хабарларды қоспағанда, оның ішінде халықтың денсаулығы мен ұлттық қауіпсіздікке қауіпті дереу жоюды талап ететін шағымдар, өтініштер және басқа да ресми қатынастар түрлері бойынша тексерулер;
- 2) Бұзушылықтарды жоюға және уәкілетті органның лауазымды адамдары берген нұсқамаларды орындауға бағытталған іс-шараларды жүргізу жолымен жүзеге асырылады.
- 3) Бақылаушы органның шешім қабылдауы үшін қажетті қосымша ақпарат алу мақсатында үшінші тұлғаларға қатысты тексеру жүргізуге рұқсат етіледі.

Дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері:

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 12 беті |

- 1) дәрілік заттар айналымы саласында мемлекеттік реттеу жолымен Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау;
- 2) азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік көмек алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету;
- 3) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халықты негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттармен қамтамасыз ету;
- 4) отандық талдамаларды мемлекеттік қолдау және сапалы, бәсекеге қабілетті, бірінші кезекте негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттар өндірісін дамыту;
- 5) дәрілік заттарды ұтымды пайдалану;
- 6) дәрілік заттар айналымы саласында ғылым, техника және әлемдік тәжірибе жетістіктерін пайдалану;
- 7) мамандардың біліктілігін арттыру, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімнің оқу бағдарламаларын жетілдіру және дәрілік заттар айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мерзімдік аттестаттау болып табылады.

Дәрілік заттар айналымы саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеу:

- 1) дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу;
- 2) фармацевтикалық қызметтерді лицензиялау;
- 3) дәрілік заттар айналымы саласындағы техникалық реттеу;
- 4) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды аттестаттау;
- 5) фармацевтикалық қызметті мемлекеттік қадағалау мен бақылау;
- 6) дәрілік заттардың бағаларын мемлекеттік реттеу жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында азаматтарды тиімді және қауіпсіз және сапалы дәрі-дәрмектік көмекпен қамтамасыз ету ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінің медициналық және фармацевтикалық қызметтерді бақылау комитетіне, дәрілік заттарды, медицина бұйымдарын және медициналық техникаларды сараптаудың Ұлттық орталығына жүктеледі. Дәрілік заттардың және басқа да фармацевтикалық тауарлардың сапасын бақылау жүйесі – дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, емдік-профилактикалық заттардың сапасын қамтамасыз ету шараларының кешенін құрайды. Дәрілік заттардың және басқа да фармацевтикалық тауарлардың сапасын бақылау жүйесі – дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, емдік-профилактикалық заттардың сапасын қамтамасыз ету шараларының кешенін құрайды.

Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың сапасын бақылаудың мемлекеттік жүйесінің басты мақсаты:

- Дәрілік заттарды өндіріп шығаруда және медициналық емдеу практикасына енгізуде сақталу, босатылу, өткізілу жағдайларының бұзылуларына байланысты туындайтын қолайсыздықтардан тұтынушыларды қорғауды қамтамасыз ету.

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды бөлшек сауда арқылы босату құзырлы орган анықтаған тәртіптерге сәйкес жүргізіледі. Дәрілердің рецептері арқылы босатылатын дәрілік заттарды рецептсіз босатуға тиым салынады. Дәрілік заттарды рецептуралық және рецептурасыз босату түрлеріне жатқызу тәртібін құзырлы орган анықтап бекітеді.

Дәрігердің рецептінсіз босатылатын дәрілік заттардың тізімі ҚР ДСМ фармацевтикалық және медицина өнеркәсібі комитетінің 2002 жылғы 27 тамыздағы №110 бұйрығымен бекітілген.

ҚР ДСМ 2008 жылғы 21 мамырдағы №289 «Рецептерді жазу ережесін және құрамында есірткі, психотропты заттары және прекурсорлары бар дәрілік заттардан басқа дәрілік заттарды босату тәртібін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 13 беті |

Дәрілік заттардың сапасын мемлекеттік бақылау органдары келесі негізгі қызметтерді атқарады:

- 1) дәрілік заттарды, медицина бұйымдарын, медициналық техникаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу және дәрілік заттардың сапасына мемлекеттік бақылау жүргізу;
- 2) аймақтық дәрілік заттардың сапасын бақылау және сертификаттау органдарын аккредитациялау және жұмыстарын бақылау;
- 3) дәрілік заттар айналысы саласының нормативтік-құқықтық актілерін жасап, сараптау жұмыстарын жүргізу арқылы фальсифицирленген өнімдердің таралуына жол бермеу үшін фармацевтикалық қызметтерді қадағалау.

«Дәрілік заттар туралы» ҚР Заңына сәйкес дәрілік заттар мемлекеттік үлгідегі тіркеу куәлігін беру арқылы міндетті түрде тіркеуден өткізіледі. Дәрілік заттарды, медицина бұйымдарын және медициналық техникаларды сараптаудың ұлттық орталығы (ҰО) елімізде дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін, сапасын бақылауға, дәрілік заттардың фармацевтикалық, клиникаға дейінгі және клиникалық сараптауларына ғылыми-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді.

Дәрілік заттардың сапасын мемлекеттік бақылау келесі түрлерде жүргізіледі:

- ДЗ сапасын алдын-ала бақылау;
- ДЗ сапасын іріктеп бақылау;
- ДЗ өндіруге арналған заттардың және фармакологиялық белсенді өсімдік, жануарлар тектес немесе синтетикалық заттардың сапасын бақылау;
- Өндіріп шығаратын ДЗ сапасын инспектрлеу мақсатында дәрілік заттарды өндіруші кәсіпорындарда жүргізілетін кезеңді бақылаулар

ҰО фармакопоялық орталығының басты мақсаты:

Қазақстан аясында қызметтің жоғары сапалық деңгейіне қол жеткізу.

Фармакопоялық орталық келесі қызметтерді атқарады:

- Дәрілік заттардың арнайы фармацевтикалық сараптамаларын жүргізу;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопоясын жасау және шығаруға дайындау;
- Дәрілік заттарды, медицина бұйымдарын өндіруге бағалауды (инспектрлеуді) жүргізу;
- ҚР дәрілік заттар айналысы саласының нормативтік құқықтық актілерін жасауға қатысу;
- ҚР фармацевтикалық нарығында сапасыз, фальсифицирленген дәрілік заттарды болдырмауға бағытталған нұсқауларды жасау.

ҰО өз компетенциясы шеңберінде дәрілік заттардың клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулерден өткізіп, Қазақстан Республикасының дәрілік заттарды мемлекеттік реестріне өзгеріс және толықтырулар енгізеді, өмірлік маңызды дәрілік заттар тізіміне ұсыныстар жасайды. ҰО Медициналық бұйымдарды және медициналық техникаларды мемлекеттік тіркеуден өткізудегі эксперттік жұмыстар бөлімі аталған бағытта көрсетілетін қызметтің сапасын қамтамасыз етіп, кәсіпорынның сапа менеджменті жүйесінің талаптарын жүзеге асыруға қатысады.

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды бөлшек сауда арқылы босату құзырлы орган анықтаған тәртіптерге сәйкес жүргізіледі.

ҰО сертификаттау (сәйкесті растау) бөлімі Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің талаптарына сәйкес дәрілік заттардың, медициналық иммунобиологиялық препараттардың, медициналық бұйымдардың, косметикалық заттардың сәйкестіктерін растауды жүзеге асырып сәйкестік сертификаттарын береді.

4.4. Оқыту әдісі: Семинар, глоссарий

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 14 беті |

4.5.Әдебиеттер: Қосымша 1.

4.6.Бақылау сұрақтары:

- 1) Фармацевтикалық қызмет дегеніміз не?
- 2) Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін заңнамаларды атаңыз.
- 3) Фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеу дегеніміз не?
- 4) Дәрілік заттар айналысы саласындағы мемлекеттік бақылау қалай жүзеге асырылады?
- 5) Дәрілік заттар сараптаудың Ұлттық орталығы дегеніміз не?
- 6) Мемлекеттік бақылау органдардың атқаратын қызметі қандай?

4.1. Сабақтың тақырыбы. №3 Фармациядағы тиісті халықаралық стандарттары. GXP концепциясы.

4.2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларды фармациядағы тиісті халықаралық стандарттармен және GXP концепциясымен таныстыру.

- **оқыту:** GxP стандарттары, кәсіпорынның кешенді менеджмент жүйесін құру халықаралық стандарттарға, еңбек, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілікті, және т.б. салалардың бірлігін қамтитындығы туралы жалпы түсінік беру.
- **тәрбиелік:** студенттерді қазіргі заманғы фармацевтикалық кәсіпорынды басқару оның қызметінің әртүрлі аспектілерін реттейтін кешенді GxP стандарттарының жүйесін енгізуге байланысты әр түрлі тәсілдерді біріктіріп, заман талабына сай жұмыс жасауға баулу.
- **дамыту:** GxP талаптарына сәйкес жобаны пайдалану және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету үдерісіндегі жобалық әдістемелік амалдарын жасау бағыттарын жүзеге асыратын білімді мамандарды жетілдіру.

4.3. Дәріс тезистері:

Қазақстанда GxP стандарты енгізілуде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2015 жылғы 6 сәуірде енгізілген толықтырулар мен өзгерістерге сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап, GXP стандарттарының талаптарын сақтау фармацевтикалық нарық субъектілері үшін міндетті болады. GXP стандарттары тиісті зертханалық практиканы (GLP), тиісті клиникалық практиканы (GCP), тиісті өндірістік практиканы (GMP), тиісті дистрибьюторлық практиканы (GDP), тиісті дәріханалық практиканы (GPP) және тиісті фармакобақылау практикасын (GVP) қамтуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген стандарттарды сақтау дайын өнім сапасы жүйесінен оны сапасын қамтамасыз ету және халықты қауіпсіз және тиімді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге кепілдік беру жүйесіне ауысуға мүмкіндік береді. Тиісті фармацевтикалық практика сертификаттары: - тиісті өндірістік практика (GxP) – 10 субъектіде (21 өндірістік алаң). - тиісті дистрибьюторлық практика (GMP) – 32 субъектіде (46 объекті); - тиісті дәріханалық практика (GDP) – 23 объектіде бар. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілердің тиісті фармацевтикалық практиканы (2018 жылғы 1 қаңтарға дейін) кезең-кезеңмен енгізудің алдын ала жоспары қалыптастырылды.

Қазіргі заманғы фармацевтикалық кәсіпорынды басқару оның қызметінің әртүрлі аспектілерін реттейтін кешенді GxP стандарттарының жүйесін енгізуге байланысты әр түрлі тәсілдерді біріктіруді талап етеді. Осылайша, кәсіпорынның кешенді менеджмент жүйесін құру халықаралық стандарттарға, еңбек, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілікті, және т.б. салалардың бірлігін қамтиды.

Фармацевтикалық өндірісті құру бойынша мақсаттарына сәтті жету үшін GxP сәйкес жобаны әзірлеу мен іске асыру бойынша топты құру қажет. Осы топқа жоспарланған немесе

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 15 беті |

құрылысы жүргізіліп жатқан фармацевтикалық өндірістің келесідей мамандарын кіргізу ұсынылады:

- жоба басқарушысы (менеджер);
- инженерлік персонал;
- машиналарды, жабдықтауды және т.б. сатып алуға жауапты тұлға;
- құрылыс үшін жауапты тұлға;
- пайдаланушыға жобаның тапсыруға жауапты тұлға;
- жобаны іске асыру мен сол жоба бойынша құрылыс жүргізуге жауапты тұлға;
- жөндеу бөлімшесінің бас персоналы;
- шығындарды басқаруға жауапты тұлға;
- жоспар-кестесін жүргізуге жауапты тұлға;
- жобалық құжаттаманы алу және ұйымдастыру үшін жауапты тұлға;
- зерттеулер мен даму бөлімінің қызметкері;
- қауіпсіздік ережелеріне сәйкестікті қадағалайтын қызметкер;
- әдіснамалар мен басқа да техникалық құжаттамаларды жасау (сұрау бойынша) үшін жауапты тұлға.

Топ құрамын жобаның көлеміне қарай негізделіп таңдалуы тиіс. Топ басшылары мен оның жекелеген мүшелері өз міндеттері мен жауапкершілік деңгейін түсінуі және басқарушылармен белгіленген тәртіпті қадағалауы қажет. Топты тиімді түрде ұйымдастыру мен жұмыс істеуі үшін жобаны әзірлеу мен іске асыру бойынша ұйымдастырушылық сызбаны (схеманы) құрастырған жөн.

Жобаның GxP талаптарына сай болуы үшін компания, жобаның сапасын қамтамасыз ету жоспарын әзірлеуі тиіс. Бұл жоспар фармацевтикалық тиісті практика қағидаттарына негізделуі, жобаны ұйымдастыру және сапанын бақылаудың ортақ әдістерін орындауы, жобаның өлшемі мен түрі негізінде болашақта пайдалану және жоспарын оңтайландыру қабілеті туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

1. Жоба құрылымын бағалау

Келесі қадам жобаның құрылымын бағалау болып табылады. Бұл жағдайда, компаниялар жобаның алғашқы кезеңдерінде жоба бойынша алға қойған мақсаттардың жүйесін жасауы тиіс. Одан кейінгі бағалау әдістері мен рәсімдері тәуекелдерді анықтау және олардың жоба міндеттеріне әсерін азайту үшін тәуекелдерді және жұмсалған (тартылған) капиталды бағалау үрдісінде қолдану үшін белгіленеді.

2. Жоба құрылымының ауқымын анықтау

Жобаның көлемі мен түрлері негізінде компания жоба құрылымының ауқымын анықтау кезінде жоба тобын құрып, жоба бойынша орындалатын жұмыстың жалғасымдылығы мен міндеттерін, және де жобаның GxP талаптарына сәйкестігін айқындау қажет.

3. Сәйкес келетін (құзыретті) штатты қалыптастыру

Компанияның сәйкес келетін (құзыретті) штаты жоба ауқымы, мөлшері мен түрлеріне сәйкес қажетті білімі бар қызметкерлер қатарынан құрылады. Бұл қызметкерлер жобаның техникалық талаптарына сәйкес қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс.

GxP тиісті ережелері мен нормаларына сәйкестігін анықтау

Компания GxP тиісті ережелері мен нормаларына сәйкестігін және оны анықтаудың жолдарын жасау тиіс. Ол үшін, алдымен GxP сәйкес келмейтін талаптарды анықтап, одан әрі құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін рұқсат алу жолдарын және олардың құжаттамалардағы жазбасын талқылдайды.

1. GxP талаптарына сәйкессіздікті айқындау.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | Дәріс кешені | 77/ 11 56 беттің 16 беті |

Жобалық рәсімдер құрамына GxP ережелеріне, нормативтік актілерге және нормаларға жатпайтын жұмыстар кірмеуі қажет (бастартулар немесе өзгерістер). Олар құрылыс жұмыстарында, оларды сынау кезінде және жазбаларды жүргізуде, жабдықтарға қойылатын техникалық талаптарға (мысалы, қысымды бақылауға, электротехникалық ережелер мен нормаларға және т.б.) қолданылуы мүмкін.

2. Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін рұқсат алу.

GxP тиісті ережелері мен нормаларына сәйкестігін анықтау кезінде құрылыс жұмыстарын жүргізуге, жалға алуға рұқсат алу және жобаны бекіту үшін талаптарды белгілеу қажет және оларды іске асыру үшін жауапкершіліктерді бөлу керек.

3. Жүргізілетін құрылыс жұмыстары жөнендегі жазбалар.

Жүргізілетін құрылыс жұмыстары жөнендегі жазбалар жергілікті құжаттамалардың ресми жүргізілуінің ерекшеліктерін ескеру қажет, сонымен қатар есептік жазбаларды құру, жаңарту және толтыру үшін жауапкершілікті анықтау керек.

Компания электр жабдықтарын жұмысқа дайындығын анықтайтын эксплуатациялық сынауының сертификация рәсімін әзірлеу қажет. Бұл рәсім жаңа жабдықталатын электр қондырғыларының тізімін жасау мен олардың сынамасын жүргізу жазбаларының үлгісі болуы тиіс, және де осы қондырғыларда жұмыс істеуді ұйымдастыру мен бақылауын көрнекі түрде көрсету керек.

GxP талаптарына сәйкес жобаны пайдалану және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету үдерісіндегі жобалық әдістемелік амалдарын жасау

Қазіргі таңда жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі қарқыны жабдықтың техникалық жай-күйі үшін барлық жауапкершілікті тікелей кәсіпорындарға олардың келесі мәселерде құқықтарын кеңейту арқылы жүктеумен сипатталады:

- техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің әртүрлі жүйелерін қолдануда;
- техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жоспарлауда;
- жөндеу жұмыстарын қаржыландыруда және олардың материалдық қолдауында;
- жөндеу жұмыстарының және операциялық қызметкерлер санын реттеуде.

Демек, пайдалану мен техникалық қызмет көрсетудің негізгі ережелері, нормалары және нормативтері жобасын жүзеге асыруда шешуші болып табылады. Қатаң регламенттеу тек желілер мен жабдықтарды қауіпсіз пайдалануда және жөндеуде сақталады.

GxP талаптарына сәйкес жобаны пайдалануға беру және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету үдерісіндегі жобалық инжиниринг мынадай кезеңдерден тұрады:

- құжаттаманы жүргізуден;
- инженерлік нұсқалар мен жазбаларды жүргізуден;
- техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуден;
- апаттық жөндеуді жүргізуден;
- ішкі аудиторлық тексерісті жүргізуден;
- қалдықтарды бақылау және кәдеге жарату жүйесін әзірлеуден;

GxP стандарттарын енгізудің негізгі мақсаттарының бірі болып, бір жағынан, жоба сапасын тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін, екінші жағынан, тұтынушылардың өзгермелі талаптарына икемді әсер ететін және одан әрі бәсекеге қабілетті өнім шығаруға мүмкіндік беретін кәсіпорынның инновациялық әлеуетін жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын іс-әрекетті үздіксіз жетілдіру жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Компаниялар мамандарды жаңа енгізілімдерге ынталандыру үшін шығармашылық атмосферасын құру керек, мамандардың өзін-өзі дамытуға ықпал жасау қажет, сондай-ақ қол жетімді және сапалы өнімді өндіру үшін компанияның қызметін үнемі жетілдіруді қамтамасыз

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 17 беті |

ету тиіс. Ол үшін қызметкерлердің кәсіби деңгейін одан әрі қарай даярлау мен дамыту арқылы кәсіпорын қызметінің барлық бағытын салыстырмалы талдауын жүргізу қажет.

Кәсіпорын қызметін салыстырмалы талдауын және үздіксіз жетілдіруін жүргізу.

Компаниялар фармацевтика саласында үзік болып табылатын басқа өндірушілердің барлық жаңа енгізілімдері туралы хабардар болуы тиіс. Салыстырмалы талдау келесілерді ескеруі тиіс:

- жабдықтарды калибрлеуді және техникалық қызмет көрсетуді;
- құрылыс шығындарын және жоба бойынша орындалатын жұмыстардың мерзімдерін;
- жабдықтарды пайдалануды;
- қызметкерлермен қамтылу мен білім деңгейін;

Үздіксіз жетілдіру қызметін қамтамасыз ету үшін компаниялар өнімнің қайтарылымын есептеу мен сәйкесті шағымдарды бағалау жүйесін жасау керек. Сонымен қатар, бұл жүйе техникалық қызмет көрсету үшін қажетті әрекетсіздік пен уақыт мерзімдерін ескеруге тиіс.

Компаниялар өндірілетін өнімді тұрақты жетілдіру арқылы өңтайландыру бағдарламасын және жобаны басқару бойынша жұмыстарды аяқтау рәсімін әзірлеу қажет. Бұл рәсім пайдаланушы талаптарының жобалық спецификациясында көрініс табады.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: слайд түріндегі презентация

4.5. Әдебиеттер: Қосымша 1.

4.6. Бақылау сұрақтары:

1. Фармацевтикалық өндірісті құру бойынша GxP сәйкес жобаны әзірлеу мен іске асыруға фармацевтикалық өндірістің қандай мамандарын кіргізу ұсынылады?
2. GxP тиісті ережелері мен нормаларына сәйкестігін анықтау?
3. GxP талаптарына сәйкес жобаны пайдалану және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету үдерісіндегі жобалық әдістемелік амалдарын жасау?
4. GxP талаптарына сәйкес жобаны пайдалануға беру және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету үдерісіндегі жобалық инжиниринг қандай кезеңдерден тұрады?
5. Салыстырмалы талдау қандай жағдайларды ескеруі тиіс?

4.1. Сабақтың тақырыбы. №4. Дәрілік заттарға деген қажеттілікті анықтаудың негізгі принциптері және оларға сұранысты зерттеу.

4.2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға Дәрілік заттарға деген қажеттілікті анықтаудың негізгі принциптері және оларға сұранысты зерттеуді үйрету. Тұрғындарға және емдеу – профилактикалық мекемелерде емделетін стационарлық сырқаттарды кепілді көлемде медициналық және фармацевтикалық көмектермен сапалы түрде қамтамасыз ету үшін, фармацевтикалық көтерме сауда және бөлшек сауда звеноларын дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен басқа да фармацевтикалық тауарлармен тиімді түрде қамтамасыз етуді түсіндіру.

Оқыту: Қанағаттандырылмаған сұраныс фармацевтикалық сату, өткізу жүйесінде дәрілік заттар ассортименттерінің толық еместігін немесе жеткіліксіздігін көрсетеді. Қалыптасып келе жатқан сұраныс негізінен жаңа шығарылған отандық және шетелдік заттарға, басқа да фармацевтикалық тауарлардың қалыптасу тәртібін үйрету.

Тәрбиелік : Білім алушылардың фармация мамандығын меңгеруде өз құқықтары мен міндеттерін білуі тұрғындарға фармацевтикалық көмек көрсетуде дұрыс патриоттық сезімін қалыптастыру.

Дамыту: ҚР тұрғындарына сапалы, тиімді, білікті, қол жетімді бағамен дәрілік заттар мен фармацевтикалық тауарларды босатудағы білімді мамандарды жетілдіру.

| | | |
|--|--|---|
| OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | Дәріс кешені | 77/ 11 56 беттің 18 беті |

4.3. Дәріс тезистері:

Тұрғындарға және емдеу – профилактикалық мекемелерде емделетін стационарлық сырқаттарды кепілді көлемде медициналық және фармацевтикалық көмектермен сапалы түрде қамтамасыз ету.

Дәрі – дәрмектерге деген сұранысты маркетингтік зерттеу, талдау кезінде сұраныстың қанағаттандырылған, қанағаттандырылмаған және қалыптасып келе жатқан түрлері қарастырылады. Дәрілік заттарға деген қалыптасқан сұраныс фармацевтикалық көтерме сауда және бөлшек сауда жүйелерінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, басқа да фармацевтикалық тауарлардың жеткіліктілігін көрсетеді. Дәрі – дәрмектердің қажетті мөлшерін анықтауда медициналық тәжірибедегі қолданыстағы барлық дәрілік заттар негізгі үш топқа бөліп қарастырылады:

1. ерекше әсері бар дәрілік заттар
2. қолданылуы бақылауға алынатын дәрілік заттар
3. кең түрде қолданылатын дәрілік заттар

Ерекше әсері бар дәрілік заттарға белгілі ауру түрін емдеуде қолданылатын дәрілік заттар жатқызылады, туберкулез, қант диабеті, қатерлі ісік аурулары т.б. Әр ауру түрін емдеуде қолданылатын дәрі – дәрмектердің қажетті мөлшерін анықтаудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Дәрі –дәрмек мөлшерін анықтау үшін, ауру түрімен ауыратын тұрғындардың санын, әр ауруға жылына жүргізілетін емдеу курсының санын және бір емдеу курсын жүргізуге қолданылатын дәрілік заттар санын білу керек. Ерекше әсері бар дәрілік заттардың жылдық қажеттілігі келесі формула бойынша есептелінеді:

$$Қ = Ш \times Ек \times А$$

Қ - ерекше әсері бар дәрілік заттардың бір жылға қажетті мөлшері

Ш - бір аурудың емдеу курсына жұмсалатын дәрілік заттардың шығыны;

Ек – аурулардың бір жылдық қабылдайтын емдеу курсының саны ;

А – ерекше әсері бар дәрілік заттарды пайдаланатын аурулардың саны.

Аурулардың жылда қабылдайтын емдеу курстарының саны, бір аурудың емдеу курсына жұмсалатын дәрілік заттардың шығыны және ерекше әсері бар дәрілерді пайдаланатын аурулардың саны жергілікті емдеу – профилактикалық ұйымдардың, денсаулық сақтау басқару органдарының статистикалық – есепке алу бөлімдері арқылы анықталады.

Қолданылуы бақылауға алынатын дәрілік заттардың қажетті мөлшерін анықтау, атап айтқандай амбулаториялық және стационарлық науқастар үшін есірткілік заттардың және этил спиртінің қажеттіліктерін ҚР ДСМ арнайы бұйрықтарымен бекітілген есептік нормативтік негізінде жүргізіледі.

Амбулаториялық және стационарлық науқастар үшін есірткілік дәрілік заттардың қажеттілігін есептік нормативтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 ж 26 қаңтардағы 32 бұйрығына сәйкес анықталады. Амбулаториялық және стационарлық жағдайда емделетін науқастар үшін есірткілік дәрілік заттар қажеттілігінің есептік нормативтері көрсетіледі.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 19 беті |

| № | Дәрілік заттардың атаулары | 1000 адамға шаққандағы норматив |
|---|----------------------------|---------------------------------|
| 1 | Морфин гидрохлориді | 0,3 |
| 2 | Промедол(тримепиридин) | 5,0 |
| 3 | Омнопон | 0,3 |
| 4 | Кокаин | 0,02 |
| 5 | Дионин(этилморфин) | 0,1 |
| 6 | Эстоцин гидрохлориді | 0,3 |
| 7 | Кодеин | 70,3 |
| 8 | Апиын | 833,3 |
| 9 | Фентанил | 0,006 |

Ескерту: Нормативтер барлық дәрілік түрлерді таза әсер етуші заттарға ауыстырып есептеу жолымен белгіленген, сондықтан тапсырыстарды норматив бойынша есептік қажеттіліктермен салыстырғанда құрамында көрсетілген заттар бар дәрілік заттарды таза әсер етуші заттарға ауыстырып есептеу жасау керек.

Есірткілік дәрілік заттардың дәріханаларға қажетті мөлшері төмендегі формула бойынша есептелінеді: $K = \frac{H \times C}{1000}$

K-дәрінің қажетті мөлшері;

H-дәрінің 1000 адамға есептелінген нормасы;

C-тұрғындары саны.

Стационарлық жағдайда емделіп жатқан науқастар үшін есірткілік дәрілік заттардың қажеттіліктері емдеу – профилактикалық ұйымдардың емдеу бағыттары мен ем жүргізуші бөлімдері бойынша бір ауру төсегіне есептеліп анықталған есептік нормативтері арқылы жүргізіледі.

Есірткілік дәрілік заттардың жылына бір төсегіне керекті есептік нормативтері емдеу – профилактикалық ұйымдардың бөлімдері бойынша жоғарыда атап көрсетілген № 32 бұйрығында көрсетілген.

Этил спиртінің шығындалу нормативтері мен есепке алу тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы №1572 Қаулысымен бекітілді.

Этил спиртінің шығындалуының есептік нормативтері емдеу – профилактикалық ұйымдарында бір стационарлық науқасқа есептелінген (95%) нормалары бойынша анықталады. Амбулаториялық- емханалық ұйымдарда этил спиртінің қажеттілігі 1000 келушіге есептелінген нормалар бойынша жүргізіледі. Мысалы : туберкулезге қарсы емдеу диспансерінде 1000 келушіге 800г, тері – венерологиялық емханада 1000 келушіге -1000 г, онкологиялық емханада 1000 келушіге -1300 г, акушерлік – гинекологиялық емханалық ұйымдарда 1000 келушіге 800- г. т.б

Таза күйде этил спирті концентрацияның ауытқуын 96⁰С-97⁰С есепке алмастан босатады.

Камфорлы спирт түрінен басқа бор, салицил, құмырсқа спирттері жеке және басқа дәрілік заттар құрамында емдеу- профилактикалық ұйымдарға босатылуы, таза этил спирті нормативті есебінен жүргізіледі.

Дәріханаларда этил спиртінің қажетті мөлшерін анықтауда дәріхананың жұмыс көлеміндегі өзгерістер ескеріліп, рецептура санына байланысты анықталады.

Кең түрде қолданылатын дәрілік заттарға антибиотиктер, сульфаниламиді препараттар, витаминдер, гормонды препараттар, қызуды төмендететін дәрілер т. б. жатады.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 20 беті |

Аталған дәрілік заттар тобының қажетті мөлшерін анықтау , олардың нақтылай пайдаланылған мөлшеріне талдау жүргізудің негізінде жүргізіледі.

Кең түрде қолданылатын дәрілік заттардың нақтылай пайдаланылуына талдау жасау жұмысы екі сатыдан тұрады:

- 1) дәрілік заттардың қолданылу көрсеткіштерін жинау және талдау;
- 2) талдаудың негізінде дәрілік заттардың қажетті мөлшерін есептеу .

Дәрілік заттардың қажетті мөлшерін анықтау күрделі де, қиын жұмыс. Дәрілік топтардың қажетті мөлшерін анықтау барысында түрлі әдістемелік нұсқау, нормалар және компьютерлік техникалар кеңінен қолданылады.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: Семинар

4.5.Әдебиеттер: Қосымша 1.

4.6.Бақылау сұрақтары:

1. Дәрі-дәрмектердің қажетті мөлшерін анықтауда қолданыстағы барлық дәрілік заттар неше топқа бөлінеді?
2. Ерекше әсері бар дәрілік заттарға қажеттілікті қалай анықтайды?
3. Қолданылуы бақылауға алынатын дәрілік заттарға қажеттілікті қалай анықтайды?
4. Кең түрде қолданылатын дәрілік заттарды атап өтіңіз?

4.1. Сабақтың тақырыбы. №5. Дәрі-дәрмектерді көтерме сауда және бөлшек сауда арқылы босату жұмысын ұйымдастыру.

4.2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға Қазақстан Республикасының фармацевтика саласының дистрибьютерлік тізбегін және көтерме сауда фирмалары мен дәріханалық қоймалардың, дәріханалық ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру туралы түсінік беру.

4.3. Дәріс тезистері:

GDP (Good Distribution Practice немесе "тиісті дистрибьюторлық практика") халықаралық стандарты дәрілік заттардың дистрибьюторы (ДЗ) үшін жетекші құжат болып табылады. Дәрілік заттарды көтерме саудада өткізудің ұйымдастыру процесіне бірыңғай тәсілді белгілейді және өндірушіден бөлшек желіге және медициналық ұйымдарға дейінгі барлық жолда дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл стандарт дәрілік заттарды өндіруші ұйымдардың дистрибьюциясын қоса алғанда, дистрибьюциямен айналысатын ұйымдарға қолданылады. Стандарт негізіне ЕО-да және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қабылдаған тиісті дистрибьюторлық практика қағидаттары алынған.

Қазақстанда фармацевтикалық жүйенің қарқынды дамуы ел тәуелсіздігін алған 1991 жылдан кейін басталды. Елімізде орналасқан фармацевтикалық кәсіпорындар негізінен галенді препараттар мен дәрілік заттар субстанцияларын, оған қоса инфузионды ерітінділер өндірілетін. Кеңестер одағының басқа одақтас республикаларына өңдеуге жіберілетін табиғи түрде өсірілетін дәрілік шөптер жиналатын.

1996 жылғы «Фармация» АҚ Холдингіні тарату туралы ҚР Үкіметінің қаулысы, кейінгі 1997 жылғы 20 тамыздағы 3621 ҚР Президентінің «Медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы елімізде жеке мемлекеттегі фармацевтикалық сектордың қалыптасуына және отандық фармацевтикалық өнеркәсіптің дамуына жол ашты.

Дәрілік заттар айналысында фармацевтикалық тауарлардың қозғалысы дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды жасап шығаруда пайдаланылатын шикізаттарды, дәрілік субстанцияларды немесе дәрілік өсімдік шикізаттарын алудан бастап, фармацевтикалық тауарларды сатып алатын, тұтынатын соңғы тұтынушыға дейінгі аралықтарды қамтиды. Осы аралықтарды екі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 21 беті |

1. Дәрілік заттарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды өндіруде қолданылатын шикізаттарды алудан бастап, дайын фармацевтикалық өнімдерді өндіруге дейінгі өнімдердің қозғалысы кезеңі.
2. Дайын фармацевтикалық өнімдердің өндірушілерден соңғы тұтынушыларға дейінгі тауарлар қозғалысы кезеңі.

Фармацевтикалық тауарлардың қозғалысы – тауарлардың өндірушілерден сатылуы өткізілу орындары арқылы тұтынушыға дейінгі физикалық түрдегі жылжу процесін құрайды. Тауар өндірушімен өндірілген дайын фармацевтикалық тауарлар мен өнімдер дистрибьютерлерге беріледі, олардар фармацевтикалық көтерме және бөлшек сауда жүйелеріне түсіп, кейін соңғы тұтынушыға жетеді.

Фармацевтикалық тауарлардың тауарөндірушілерден тұтынушыларға дейінгі жылжуында тауарлар қозғалысы каналдары қалыптасады.

Тауарлар қозғалысының әртүрлі транзиттік формалары болады. Мысалы, тауарлар тауарөндірушілерден делдалдық звеноларсыз тікелей сатылу немесе тұтыну орындарына жеткізіледі және тауарлар тауарөндірушілерден сатылу немесе тұтыну орындарына бір немесе бірнеше дистрибьюторлық қоймалар арқылы жеткізіледі.

Тауарлардың қозғалыс каналдарын таңдау оларды өндірушілерден соңғы тұтынушыға жеткізу жалдамдығына, уақытына, сақтандырылуына және бағаларына тікелей әсер етеді.

Тауарлар өндірушілерден тікелей тұтынушыға жеткізілсе, дистрибьюция каналы нөлге тең болады немесе делдалдар болмайды. Тауарларды дистрибьюциялаудың нөлдік деңгейінде екі қатысушы ғана болады.

Тауарлар қозғалысы каналына делдалдар немесе, дистрибьюторлық фирмалар кірсе, көпдеңгейді каналға айналады. Қатысушы делдал саны біреу болса бірінші деңгейлі канал болады. Қатысушы делдалдар саны екеу болса екінші деңгейдегі канал болады.

Фармацевтикалық тауарларды дистрибьюциялау каналдары вертикалды және горизонталды бағыттарда болады. Дистрибьюциялаудың вертикалды каналдарына тауарөндіруші–дистрибьютор–бөлшектеп сату жүйесі – тұтынушы жатады, горизонталды каналдарына дистрибьюторлық көтерме сауда бірдей деңгейдегі фирмалар жатады. Ірі фармацевтикалық компаниялар фармацевтикалық тауар, өнімдерді тұтынушыларға жеткізуде тауарлар қозғалысы каналдарының барлық түрлерін қолданады.

Дәрі-дәрмектердің тауарөндірушілерден тұтынушыға дейінгі қозғалысы кезіндегі уақыттың көп бөлігі, оларды сақтауға жұмсалады. Сондықтан тауарлар қозғалысы жүйесінде майда көтерме сауда арқылы тауарларды сататын дәріханалық қоймалардың маңызы өте үлкен. Дәріханалық қойманың аталған түрі дәріханалық ұйымдарды, емдеу-профилактикалық мекемелерді және басқа да кәсіпорын, ұйымдарды дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, басқа да фармацевтикалық тауарлармен камтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

Тауарларды майда көтерме сауда арқылы сату дәріханалық қоймаларының негізгі міндетіне бекітілген заңдылық-нормативтік құжаттардың және сапа талаптарын қанағаттандыратын дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды қабылдау, сақтау және оларды дәріханалық ұйымдарға, емдеу-профилактикалық мекемелерге, басқа да ұйымдарға және фармацевтикалық өндірістік шағын кәсіпорындарға босату жатады.

Дәрі-дәрмектерді бөлшек сауда арқылы босату ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының «Дәрілік заттар туралы» Республикалық Заңы тұрғысынан қарағанда дәріханалық ұйымдар дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқада

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | 77/ 11 | |
| Дәріс кешені | 56 беттің 22 беті | |

фармацевтикалық тауарларды бөлшек сауда арқылы босатуды, дәріханалық жағдайда дәрілік формаларды дайындауды жүзеге асырады.

Бөлшек сауда - кәсіпкерлік қызметпен байланыссыз тұтынушылардың жеке және жанұялық үй жағдайындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тауарлардың сатылу мен қызмет түрлерінің көрсетілуін қарастырады.

Дәрілерді бөлшек сауда арқылы босататын ұйымдарға дәріханалар, дәріханалық дүкендер және дәріханалық пункттер жатады. Аталған дәріханалық ұйымдар дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды бөлшек сауда арқылы тікелей тұрғындарға босатады.

Дәріханалар дәрі -дәрмектерді қамту бағыттарына қарай келесі түрлерге бөлінеді:

- Тұрғындарды қамтитын дәріханалар;
- Емдеу профилактикалық мекемелері дәріханалары (ауруханалық дәріханалары);
- Ауруханаалық дәріханалар - бірнеше емдеу профилактикалық мекемелерді және басқа да ұйымдарды қамтиды.

Дәрілердің рецептері мен емдеу-профилактикалық мекемелердің сұрау-талап қағаздары бойынша дәрілік формаларды дайындап, дайын дәрілік заттарды босататын дәріханалар өндірістік дәріханалар болып аталады.

Тұрғындарға және емдеу-профилактикалық мекемелерге дайын дәрілік заттарды босатуды жүзеге асыратын дәріханалар дайын дәрілер дәріханасы болып табылады.

Тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында түн уақыттарына жұмыс істейтін кезекші дәріханалар ұйымдастырылады. Кезекші дәріханалар рецепт арқылы және рецепсіз дәрілік заттарды босатып, керек болған жағдайларда бірінші медициналық көмектерді көрсетеді. Кезекші дәріханалар аймақтық фармацевтикалық басқару органдары бекіткен тізімге сәйкес дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды босатуға міндетті болады. Кезекші дәріханалардың жұмыс істеу сағаттарды, түн уақытындағы жұмысы туралы ақпараттары жарықтандырылып көрсетілген маңдайшалары, қоңырауы, дәріхана қызметкерін келушілер шақыруға арналған байланыс құралдарының болуы қажет. Кезекші дәріханалар сыртқы сигнализациялармен қамтамасыз етіледі. Кезекші дәріханалардың басшылары дәріханада кезекшілік ететін мамандардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау мақсатында ассортиментке сәйкес дәрілік заттардың, медицина бұйымдарының қорын сақтайтын бөлмелерді бөліп, жабдықтайды. Фармацевтикалық қызметкерлер түнгі кезекшілік уақытында ұйықтау құқығына ие, сондықтан кезекші дәріхананың ішкі еңбек ережесінде аталған құқық көрсетіліп, сәйкесті жағдайлардың жасалуы қарастырылады.

Дәріханалық пункт - дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды бөлшек сауда арқылы сатуды жүзеге асыратын дәріханалық ұйым.

Дәріханалық қойма - дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды сақтауды және көтерме сауда арқылы босатуды жүзеге асыратын дәріханалық ұйым.

Тұрғындарды дәрі -дәрмектермен қамтамасыз ету сапасын жақсарту және фармацевтикалық мамандарды даярлауда тәжірибелік дағдыларға үйрету мақсатында арнайы бағытталып ұйымдастырылған дәріханалардың маңызы зор. Арнайы бағытталған дәріханаларға: балалар дәрі-дәрмектері дәріханасы, гериатриялық дәріханалар, гомеопатикалық дәріханалар, және оқу-өндірістік дәріханалар жатады.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 23 беті |

Балалар дәрі-дәрмектері дәріханасы - үлкен қалаларда балалар дәрілерін бір дәріханада шоғырландыра отырып, балаларды дәрі дәрмектермен қамту қызметін жақсарту мақсатында ұйымдастырылады.

Гериатриялық дәріхана - жасы ұлғайған, егде тұрғындарды дәрі -дәрмектермен қамтамасыз ету қызметін қолайлы ұйымдастырып жүргізу мақсатында ашылады. Жасы егде адамдарға дәрілік заттардың дозасы, қолдану және сақталу жағдайларының ерекшеліктері түсіндіріледі.

Гомеопатикалық дәріхана- тұрғындарды аз дозадағы дәрі-дәрмектермен, түрлі минералды өсімдік және жануарлар тектес дәрілік биологиялық белсенді әсер ететін заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында ашылады.

Оқу- өндірістік дәріхана тұрғындарды дәрі -дәрмектік көмекпен қамтамасыз ете отырып орта және жоғары фармацевтикалық оқу орындарының білім алушылары мен студенттері оқу өндірістік тәжірибелерін өтетін дәріханалық ұйым.

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және медициналық техникаларды бөлшек сауда арқылы босатуға келесі жағдайларда тиым салынады :

- ҚР тиісті түрдегі өндірістік тәжірибе жағдайындағы өндірілген дәрілік субстанциялардан басқа мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттарды;
- Жарамды мерзімі өтіп кеткен дәрілік заттарды;
- ҚР Заңнамалары талаптарына сәйкес келмейтін дәрілік заттарды ;
- Дәрілік заттарды, басқа да фармацевтикалық тауарларларды уақытша сақтайтын дәріханалық қоймалар арқылы тауарларды бөлшек сауда арқылы босатуға тиым салынады;
- Дәрілік заттардың дәрігердің рецептері бойынша босатылуын дәріханалар және дәріханалық пункттер жүзеге асырады;
- Дәріханалық ұйымдар тұрғындарға дәрілік заттарды қабылдауға дайын күйінде босатулары керек;
- Дәріханалық ұйымдарға тұрғындарда көрсетілген дәрі дәрмектәк көмектің сапасын қамтамасыз ету мақсатында дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың минималды ассортиментін үнемі сақтау міндеттеледі. Дәрі дәрмектіктердің дәріханалық ұйымдардағы болуы керек минималды ассортиментінің тізімі ҚР ДСМ бұйрығымен анықталып бекітіледі;
- Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және медициналық техникаларды бөлшек сауда арқылы босату дәрілік заттар айеалысы саласы субъектілері дәріханалары, дәріханалық пункттері, жылжымалы дәріханалық пункттері, оптикалық және медициналық техникалар дүкендері тауарларды бөлшек саудамен босату құқығын беретін лицензиялары негізінде жүзеге асырады.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

4.5. Әдебиеттер. Қосымша 1.

4.6. Бақылау сұрақтары:

1. GDP стандартының мәні неде?
2. Дәріханалық қоймаға тауарды қабылдау қалай жүзеге асырылады?
3. Дәріхана қоймасында тауарларды сақтауды ұйымдастыру тәртібі қандай?
4. Фармацевтикалық фирма мен дәріхана қоймасы арқылы тауарлар мен қызметтерді сату қалай жүзеге асырылады?
5. Дәрілерді бөлшек сауда арқылы босататын ұйымдарға қандай ұйымдар жатады?
6. Кезекші дәріханалар дегеніміз не ?
7. Арнайы бағытталған дәріханаларға қандай дәріханалар жатады ?
8. Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және медициналық техникаларды бөлшек сауда арқылы босатуға қандай жағдайларда тиым салынады ?

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 24 беті |

4.1. Сабақтың тақырыбы. №6. Дәріхананың дәрілерді дайындау жұмысын ұйымдастыру.

4.2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға Дәріхананың өндіріс қызметін, Дәріханада дәрілерді дайындайтын фармацевтік ассистенттің міндеттері мен құқықтарын таныстыру. Дәріханалардың дәрілік формаларды дайындау іс-әрекеті рецептерде жазылатын дәрілік формалардың құрамы мен түрлерін, дайындалатын дәрінің құралының күрделілігі, дайындалған дәрілік заттың тұрақсыздығы және құрамы әр-түрлі дәрілік заттарды бір жұмыс орында дайындау.

Оқыту: дәрілік формаларды дайындау, араластыру, сүзу, бөлшектеу, орамдап безендіру. Улы, есірткелік, дәрілік заттарды және этил спиртін сақтауды үйрету. Стерильды емес дәрілік формаларды және концентраттарды, жартылай фабрикаттарды дайындауды үйрету.

Тәрбиелік: Білім алушылардың фармация мамандығын меңгеруде өз құқықтары мен міндеттерін білуі халыққа фармацевтикалық көмек көрсетуде дұрыс патриоттық сезімін қалыптастыру.

Дамыту: тұрғындарды медициналық және дәрілік заттармен қамтамасыз етуде дұрыс сезімін қалыптастыру.

4.3. Дәріс тезистері:

Дәріханалық жағдайда дәрілік формаларды дайындау жұмысын жоғарғы және орта фармацевтикалық білімі бар мамандар жүргізеді.

Дәріханалардың дәрілік формаларды дайындау іс-әрекеті рецептерде жазылатын дәрілік формалардың құрамы мен түрлеріне, дайындалатын дәрінің құрамының күрделілігіне, дайындалған дәрілік заттың тұрақсыздығына және құрамы әртүрлі дәрілік заттарды бір жұмыс орынында дайындауды ұйымдастыру мүмкіншілігіне байланысты анықталады.

Дәріханаларда өндірістік іс-әрекеттерді жүргізу үшін арнайы ассистенттік бөлме жабдықталады. Ассистенттік бөлме арнайы дәріханалық мебельдермен, жабдықтармен, приборлармен қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, дәрілік формаларда дайындау, араластыру, сүзу, бөлшектеу, орау-буу, тығындау жабдықтарымен; улы, есірткілік, дәрілік заттарды және этил спиртін сақтауға арналған арнайы сейф, шкафтармен, штангластармен, салмақ пен көлемді өлшеу құралдарымен және дәрілерге химиялық бақылау жүргізу үшін қажетті реактивтермен қамтылады.

Дәріхананың жұмыс көлеміне байланысты ассистенттік бөлмеде бірнеше жұмыс орыны ұйымдастырылады:

- ішке қолдануға арналған дәрілік формаларды дайындау үшін;
- сыртқа қолданылатын дәрілік формаларды дайындау үшін;
- ішке қолданылатын дәрілік формаларды бөлшектеу үшін;
- емдеу-профилактикалық ұйымдардың дәрілік формаларын дайындау үшін;
- емдеу-профилактикалық ұйымдардың дәрілік формаларын бөлшектеу үшін.

Жұмыс көлемі үлкен ірі дәріханаларда рецептер бойынша дәрілік формаларды дайындауда ішке қолданылатын сұйық дәрілік формаларды, ұнтақтар мен пилюлаларды, сыртқа қолданылатын майлар мен сұйық дәрілік формаларды және стерильді дәрілік заттарды жасау орындары бөлініп ұйымдастырылады.

Ассистенттік столда қосымша қызметтермен айналысу үшін буып-түюшілердің жұмыс орындары бөлінеді. Жұмыс көлемі аз кішкене дәріханаларда дәрілерді дайындау және дайындалған дәрілердің сапасын тексеру үшін бір жұмыс орыны ұйымдастырылады. Дәрілерді дайындаушы фармацевт немесе фармацевт ассистент өздерінің жұмысында дәрілік заттар айналысы саласындағы ҚР ДСМ бұйрықтарын, басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады. Дәрілік формаларды дайындаушы фармацевтің, фармацевт ассистенттің рецептуралық өндіріс бөлімінің меңгерушісіне, орынбасарына, фармацевт-аналитикке тікелей тікелей

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 25 беті |

бағынуы дәріханалық ұйымның басшылығымен айқындалады. Ассистенттік бөлмедегі дәрілік формаларды дайындаушы фармацевт ассистент рецептер бойынша дәрілерді дайындайды және фасовщиктердің жұмыстарына басшылық жасайды.

Дәрілерді дайындаушы фармацевт- ассистенттің міндеттері:

- рецептер бойынша дайындау технологиясын сақтай отырып, рецепте жазылған дәрілік формаларды уақытында дайындау; «sito» және «statum» белгілері бар рецептер бойынша жазылған дәрілік формаларды бірінші кезекте дайындау;
- бекітілген тәртіптерге сәйкес барлық дайындалған дәрілік формаларға жазбаша бақылау паспорттарын толтыру;
- ұнтақтарды бөлшектеу, ерітінділерді сүзу т.б. барлық қосымша жұмыстарды фасовщиктерге тапсыру және оларға жұмыс ерекшеліктерін түсіндіру;
- кіші механикаландыру құралдарын, салмақты өлшеу прибор, аппараттарын қолдана білу;
- жұмыс орнына керекті құрал-жабдықтарды алдынала дайындау, жұмыс уақытын тиімді пайдалану;
- жұмыс орнында санитарлық ереже талаптарын сақтау;
- дәріханада жүргізілетін материалды-құнды заттарды инвентаризациялауға қатысу;
- өзінің кәсіптік мамандық деңгейін үнемі жоғарлату, жұмысында озық тәжірибелер мен ғылыми жетістіктерді қолдану.

Дәрілік форманы дайындау алдында фармацевт ассистент рецепті асықпай оқып, ингредиенттердің сыймдылығын және дозаларын тексереді. Дайындалған дәрілік формаларға фармацевт ассистент нөмірін жапсырып, жазбаша бақылау паспортын толтырады, рецепке қолын қояды. Дайындалған дәріні рецептісімен және жазбаша бақылау паспортымен фармацевт-технологқа береді.

Құрамында күшті әсерлі, улы және есірткілік заттар бар дәрілерді дайындау.

ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша заңды және жеке тұлғаларды есірткілік және психотроптық заттармен жұмыс істеуге жіберу ережелері бекітіледі. Дәріханалық ұйымдарда есірткілік және психотроптық заттармен жұмыс істеуге фармацевтикалық қызметкерлерді жіберу дәріханалық ұйым басшысының еңбек шарты негізінде жасалған рұқсатымен жүргізіледі. 18 жасқа толмағандар есірткілік және психотроптық заттармен жұмыс істеуге жіберілмейді.

Дәрілер дайындау үшін қажетті есірткілік дәрілік заттарды ассистенттік бөлмеге беру материалдық жауапкершіліктегі тұлғалар арқылы жүргізіледі.

Дайындалатын дәрілік форманың құрамына кіретін улы және есірткілік дәрілік заттарды фармацевт ассистент бөлім меңгерушісінен, оның орынбасарынан немесе басқа арнайы жауапты қызметкерден алады. Рецепттің артына улы және есірткілік заттың атауы, мөлшері жазылып, жіберушінің және алушы фармацевт ассистенттің қолдары қойылады. Алынған заттар сол мезетте дәрілік форманы дайындауда қолданылады, дәрі дайындалған бойда бақылауға беріледі және босатылғанға дейін арнайы жабық шкафтарда сақталады.

Дәрілердің асептикалық жағдайда дайындалу ерекшеліктері.

ҚР ДСМ нұсқауына сәйкес инъекцияға арналған ерітінділер, көз тамшылары мен майлары, жаңа туған балаларға арналған дәрілік формалар, сыртқа қолданылатын кейбір ерітінділер дәріханаларда асептикалық жағдайда дайындалады.

Асептикалық блок - микробиологиялық және басқа да ластанудан сақтану мақсатында арнайы бөлініп, жабдықталып пайдаланылатын дәріхананың бөлмесі.

Асептикалық блок шлюзден, асептикалық бөлмеден (дәрілік формалар дайындалатын), стерилизациялау және дистилляциялау бөлмелерінен тұрады. Асептикалық блоктың бөлек кіру есігі немесе басқа бөлмелерден шлюз арқылы бөлінеді. Блокқа кірер жерде дезинфекциялық реітінділермен суланған резина ковриктері төселінеді.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 26 беті |

Асептикалық блоктың шлюзінде стерильденген киімдерді сактайтын шкаф, киінуге арналған отырғыш, қол жуғыш, айна, электркұрғатқыш орналастырылады.

Дәріханада стерильді ертінділердің дайындалуы және сапасының бақылануы Мемлекеттік фармакопея, стерильді ертінділерді дайындаудың әдістемелік нұсқаулары, бұйрықтар мен нұсқаулардың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Дайындалған ертінділердің сатылық бақылауларының нәтижелері сәйкесті журналға тіркеліп отырады.

Дәрілік формаларды асептикалық жағдайда дайындауға керекті ыдыстар, қосымша материалдар, мақталы тампондар т.б. алдын-ала стерилизацияланады.

Тазартылған су, инъекцияға арналған су, дәрілік заттар және қосымша материалдар нормативтік құжаттардың талабына сәйкес болуы керек.

Ертінділер дайындалғаннан кейін құйылған ыдыстар тығындалып, үстінен пергамент қағазымен жабылып, қағаздың шетінен 3x6 см көлемінде тілше қалдырылып байланады.

Қалдырылған пергамент қағазының тілшесінде дәрінің құрамы, концентрациясы көрсетіліп, дайындаған фармацевт немесе фармацевт ассистент қолын қояды. Дайындалған ертінділерді стерилизациялау дайындаудың басталуынан 3 сағат өткенге дейінгі мезгілде, фармацевтің немесе фармацевт ассистентінің бақылауымен жүргізіледі. Стерилизациялау параметрлері журналға арнайы тіркелінеді. Бүмен стерилизациялау аппараттарымен жұмыс істеуге 18 жасқа толған тұлғалар жіберіледі. Стерилизациялау аппараттарымен жұмыс істеу үшін тұлғалар алдынала медициналық тексеруден, арнайы оқу курсынан, техника қауіпсіздігін сақтау инструктажынан өтеді.

Инъекцияға арналған ертінділерді микробиологиялық бақылаудан өткізу және пирогендігін сынау МФ талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Стерильді ертінділер құрамына кіретін заттардың физикалық-химиялық қасиеттерін сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда және бекітілген жарамды мерзімдер шегінде сақталынады. Стерильды ертінділердің стерилизациялану тәртібі, жарамды мерзімі және сақталу жағдайлары ҚР ДСМ бұйрығымен анықталып бекітіледі.

Асептикалық блок қызметкерлерінің санитарлық киімдері бикске салынып булау стерилизаторында 120°C температурада 45 мин. немесе 132°C 20 мин. стерилизацияланады. Кейін бикстерде 3 тәуліктен көп емес мезгілге сақталады.

Қызметкерлердің аяқ киімдері жұмыс басталар алдында және жұмыстан кейін дезинфекцияланады, кейін жабық шкафтарда немесе жәшіктерде шлюзде сақталынады. Аяқ киімдер сыртынан 15 % хлорамин немесе 0,75 % хлорамин ертіндісіне 0,5 жуу ұнтағы, болмаса 3% сутегі перекисі ертіндісіне 0,5% жуу ұнтағы қосылған ертінділермен 2 рет сүрту арқылы дезинфекцияланады).

Асептикалық жағдайда жұмыс істеу кезінде тиым салынады:

- асептикалық блокка стерильденбеген киіммен кіруге және стерильденген киіммен асептикалық блоктан шығуға;
- стерильденген санитарлық киімнің астынан қызметкерлердің көшеде киетін киімдерін киюге;
- қызметкерлерге косметикалық заттарды және аэрозольды дезодоранттарды қолдануға;
- сағат және зергерлік бұйымдарды тағуға.

Стерильді емес дәрілік формаларды дайындауда сақталатын санитарлық талаптар.

Стерильді емес дәрілік формаларды дайындауда қолданылатын дәрілік заттар штангларда тығыз жабылған шкафтарда сақталады. Дәрілік заттарды сақтауға арналған штангларды толтыру алдында жуып стерилизациялайды.

Дәрілік заттарды өлшеп алғаннан кейін штанглардың қақпағын, жабылатын шетін және қол өлшегіштерін мәрлі салфеткасымен сүртеді. Мәрлі салфеткасы бір-ақ рет қолданылады.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 27 беті |

Жұмыс соңында құйғыштар, сүзгілер, капсулалар, ступкалар жуылып дезинфекцияланады. Концентрленген ерітінділерді, жартылай фабрикаттарды, дәріханашілік дайын дәрілік формаларды дайындауға берілген дәрілік заттар және дайын өнімдердің шығарылуы туралы барлық мәліметтер журналға жазылады.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: семинар, презентация

4.5. Әдебиеттер. Қосымша 1.

4.6. Бақылау сұрақтары:

1. Құрамында улы, күшті әсер ететін және наркотикалық заттары бар дәрілік формаларды дайындаудың ерекшеліктері.
2. Дәрілік формаларды асептикалық жағдайда дайындауға қойылатын санитарлық талаптар.
3. Стерильді емес дәрілік түрлерді дайындау кезіндегі санитарлық талаптар.
4. Дәріханадағы ассистенттік бөлменің жұмысының ұйымдастырылуы.
5. Дәрілерді дайындаушы фармацевт – ассистенттің міндеттері.
6. Асептикалық блок және асептикалық бөлмедегі тәртіп.

4.1. Сабақтың тақырыбы №7. Дәріханаларда рецепттерді қабылдау және дәрілерді босату жұмысын ұйымдастыру. Рецепттерді тіркеу, есепке алу және сақтау. Дәріханаларда дәрілік заттарды рецептсіз босату.

4.2. Сабақтың мақсаты: Дәріханада рецепттерді қабылдау, дәрілердің рецептері мен емдеу – профилактикалық мекемелерінің сұрау-талап қағаздары бойынша дәрілерді дайындау, дайындалған дәрілердің сапасын бағалап, безендіріп босатып, рецепттерді қабылдап оған дәрілік түрлерді босатуды оқыту.

4.3. Дәріс тезистері:

Рецепт – дәрігер маманның дәріні дайындап босатуы туралы фармацевт маманына жазбаша түрдегі нұсқауы.

Рецепт дәріханалардан дәрілік заттарды босатуға негіз болатын медициналық құжат.

Рецепт заңдылық құжат, себебі рецепті жазған дәрігер, рецепті дәріханаға қабылдаған, рецепте жазылған дәрілік форманы дайындаған және босатқан фармацевт заңдылық жауапкершілікте болады.

Рецепт финанстық құжат болып табылады, рецепте жазылған, дәріханада дайындалып босатылған дәрілердің бағасы тұтынушылармен төленеді немесе түрлі деңгейдегі бюджеттер есебінен дәріханаға қайтарылады.

Дұрыс жазылған рецепттер дәріханада таксировкаланады, яғни рецепте жазылған дәрілік форманың сату бағасы анықталады.

Дәріханаларда дәрілік формаларды жеке дайындауға тапсырысты безендіруде чектерді қолдану әдісі де пайдаланады. Рецепттер таксировкаланып, дәрілердің бағасы кассаға төленгеннен кейін фармацевт-технологқа қайтарылады. Рецепте фармацевт-технолог кассалық чектің нөмірін көрсетеді және нөмірдің астын түсті қаламмен сызады. Қаламның түсі белгілі дәрілік формаға сәйкес келеді. Мысалы, жасыл-ішке, қызғылт-сыртқа, көк-инъекция үшін т.б. Чекке аурудың аты, әкесінің аты, дәрілік форманың дайындалу уақыты көрсетіледі. Дәрілік форманың нөмірі, түрі және бағасы ерікті түрде жүргізілетін журналға жазылады. Осылайша безендірілген чек ауруға беріледі, ол чекте көрсетілген уақытқа сәйкес дайындалған дәрілік форма дәріханадан босатылады.

Дәріханалық ұйымдардың өндірістік қызметі рецепттерді қабылдау, қабылданған рецепттер бойынша дәрілерді дайындау, дәріханашілік бақылау арқылы дайындалған дәрілердің сапасын тексеру, сәйкесті түрде дайындалған дәрілерді безендіру және бекітілген тәртіптерге сәйкес дәрілік заттарды тұрғындарға босату.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 28 беті |

Дәріханада рецептерді қабылдау, дәрігерлердің рецептері мен емдеу – профилактикалық мекемелердің сұрау-талап қағаздары бойынша дәрілерді дайындау, дайындалған дәрілердің сапасын бақылап, безендіріп, босату жұмыстарын жүзеге асыру үшін рецептуралық – өндіріс бөлімі ұйымдастырылып ашылады.

Рецептерді қабылдау және дәрілерді босату жұмыс орнын ДЗ тәуліктік және реттік дозалары таблицасы, ДЗ өзара сиымдылығы, ҚР мемлекеттік фармакопеясы, ДЗ мемлекеттік реестрі, ДЗ синонимдерінің анықтамасы, бағалар таблицасы т.б. анықтама әдебиеттермен қамтамасыз етіледі.

ҚР ДСМ бұйрығымен анықталып бекітілген дәрігердің рецептінсіз босатылатын дәрілік заттардың тізімінен басқа барлық дәрілік заттар дәріханалық ұйымдардан тек қана рецептер бойынша босатылуы керек .

Дәрілік заттар азаматтарға, емдеу-профилактикалық мекемелерге денсаулығына байланысты ем алу үшін және стационарлық емделуді амбулаториялық жағдайда жалғастыру үшін тағайындалып жазылады.

Дәрілік заттарды рецептімен босатуға жатқызу қағидаларын бекіту туралы ҚР ДС және ЭДМ 2015ж 28 сәуірдегі №288 бұйрық негізінде жүргізіледі.

ҚРДС және ЭДМ Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы сараптама ұйымының мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу дерегіне өзгерістер енгізу кезінде дәрілік заттың сараптамасын жүргізу нәтижелері бойынша берілген қорытындысының негізінде дәрілік заттың сараптамасын жүргізу нәтижелері бойынша берілген қорытындысының негізінде дәрілік затты рецептімен босатуға шешім қабылдайды.

Сараптама ұйымы дәрілік затты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оның тіркеу дерегіне өзгерістер енгізу кезінде арнайы фармакологиялық сараптама сатысында дәрілік затты рецептімен босатуға жатқызу қажеттілігін белгілеу үшін:

компоненттердің фармакологиялық үйлесімділігін;

шығу тегі мен ерекше белсенділігін;

қолдану тәсілдері мен жанама әсерлерінің бейінін;

фармакологиялық қасиеттерін;

фармакокинетикалық параметрлеріне сәйкес дозалардың барабарлығын: ұсынылатын дозаларды, фармакокинетикалық қасиеттерін ескере отырып дозалау режимін талдауды және дозасының асырылу қаупін;

дәрілік заттың қауіпсіздігі мен тиімділігін;

дәрілік затты фармакологиялық сараптау нәтижесі бойынша рецептімен немесе рецептісіз босатуға жатқызу туралы қорытынды жасалады және босату шарты көрсетіле отырып, дәрілік заттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығын бекіту үшін мемлекеттік органға ұсынылады.

Рецептімен босатылатын дәрілік заттарға:

– есерткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен оларды шектен тыс тұтынуға қарсы іс-қимыл шаралары туралы ҚР заңнамасына сәйкес ҚР-да бақылауға жататын, құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар;

– парентералдық енгізуге арналған дәрілік заттар;

– стационар жағдайында ғана қолданылатын дәрілік заттар, оның ішінде диагностикалық дәрілік заттар;

– тағайындау мен одан арғы қабылдау дәрігердің тұрақты бақылауымен жүргізілуі қажет дәрілік заттар;

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 29 беті |

– құрамында одан әрі зерттеуді талап ететін дәрілік субстанция, белсенділігі және кері әсері бар дәрілік заттар;

– алғаш тіркелген, жана әсер етуші заты бар дәрілік препараттар;

– жаңа доза, дозалаудың жаңа режимі, енгізудің жаңа тәсілі, қолдануға жаңа көрсетілімдер, жас шамасының жаңа топтары;

дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес медициналық бақылаусыз қолданған кезде адам денсаулығына қауіп төндіретін және құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының аз дозасы бар, көп компонентті дәрілік заттар рецептімен босатылатын санатқа жатпайды.

Дәрілік заттың қауіпсіздігі мен тиімділігі бойынша жаңа фактілер келіп түскен жағдайда сараптама ұйымы осы мәліметтерге бағалау жүргізеді және нәтижелері бойынша дәрілік препараттың босату санатын өзгерту қажеттілігі немесе қажеттілігінің болмауы туралы сараптамалық қорытындыны мемлекеттік органға шешім қабылдау үшін ұсынады.

Келесі дәрілік заттарға рецептерді жазуға тиым салынады:

- ҚР тіркеуден өтпеген және ҚР ДСМ қолдануға рұқсат бермеген дәрілік заттар;
- тек қана емдеу-профилактикалық мекемелерде қолданылатын: наркозға арналған эфир, хлорэтил, фентанил, сомбревин, калипсол, фторатан, кетамин және т.б. дәрілік заттар;
- медициналық көрсеткіштер жоқ болған жағдайда.

Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және медициналық техникаларды көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы ҚРДС және ӘД министрінің 2015ж 14 қыркүйектегі №713 бұйрығы және 2015 жылғы 26 қаңтардағы №32 бұйрығы «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсатта пайдалану қағидаларын бекіту туралы» талаптарды сақтайды.

Рецептер науқастың жас ерекшелігін, дәрілік заттардың бағасының төлену тәртібін және дәрілік заттың құрамына кіретін ингредиенттердің құрамдық сипатын ескере отырып жазылады. Рецепт сиялы немесе шарикті қалам мен түсінікті түрде бланктегі барлық көрсетілген реквизиттерді толтырып безендірілуі керек.

Рецептердің фармацевтикалық сараптамасының бірінші сатысында фармацевтикалық қызметкер дәрілік жазылым бланкісінің жазылу тәртіптері мен бекітілген міндетті және қосымша реквизиттерге сәйкестігін тексереді.

Рецептің жазылған дәрілік заттардың төлену тәртібіне және құрамдық ингредиенттердің сипатына қатыссыз келесі негізгі реквизиттері болды:

- ЕПМ атауы ,мекен жайы және телефоны көрсетілген штампасы;
- рецептің жазылған күні;
- науқастың аты, әкесінің аты, жасы;
- дәрігердің аты, әкесінің аты;
- дәрілік заттың атауы, саны;
- дәрілік заттың қолданылу тәсілі;
- дәрігердің қолы және жеке мөрі.

Рецептуралық бланкілердің формаларына және жазылған дәрілік заттардың құрамына байланысты рецептердің қосымша реквизиттері анықталады.

Рецептер ҚР ДСМ бекітілген баспаханалық тәсілмен печатталған бланкілерге жазылады.

Есірткілік дәрілік заттарды жазуға арналған арнайы рецептуралық бланкілер 2 категорияның А және В топтарындағы есірткілік дәрілік заттар және психотроптық заттарға рецепт дәрігердің қолымен жазылады, дәрігер қолын қояды, жеке мөрімен куәландырады.

Арнайы рецептуралық бланкінің міндеті реквизиттерімен қатар келесі қосымша реквизиттері болады:

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 30 беті |

- сериялық нөмірі және қорғалу деңгейін көрсететін қызғылт түсті қағаздағы су белгілері.
- емхананың бас дәрігерінің немесе оның орынбасарының қолы қойылып ,емхананың дөңгелек мөрімен куәландырылады;
- науқастың ауру тарихының нөмірі және тұратын жері жазылып көрсетіледі.

Есірткілік және психотроптық заттар ақысыз және жеңіл бағамен босатылатын жағдайларда арнайы рецептуралық бланкіге қосымша №132 /е формалы рецептуралық бланкі жазылады. 2 категориялы дәрілік заттарды наркомания ауруымен ауратын науқастарға жазуға тиым салынады.

Дәрілік заттарды ақысыз немесе жеңілдетілген бағамен , сонымен қатар олардың құрамында психотроптық заттар болған жағдайда №132/е формалы рецептерге қосымша бөлім меңгерушісі қолын қойып , денсаулық сақтау ұйымының «Рецептер үшін» мөрімен куәландырылады.

Фельдшерлік – акушерлік пункттің меңгерушісі дәрілік заттарды ақысыз немесе жеңілдетілген бағамен және олардың құрамында психотроптық заттар болғанда босатуға арналған рецептерді өзінің қолымен және фельдшерлік – акушерлік пункттің мөрімен куәландырады.

Дәріханалық ұйымдарда дәрілік заттарды ақысыз немесе жеңілдетілген бағамен босату рецептеріне қол қоюға құқылы лауазымдық тұлғалардың денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекіткен тізімі мен олардың қолдарының үлгілері болуы керек.

Рецептер латын тілінде, анық жазылып, дәрілік заттарды қабылдау тәсілдері мемлекеттік немесе орыс тілдерін де қабылдау дозаларын, жиілігін көрсетіп жазылады. Жалпы «Белгілі», «Ішке», «Сыртқа» нұсқаулармен шектелуге тиым салынады.

Рецептерде қысқартулардың шеңберінде ғана қолдануға рұқсат етіледі.

Ақысыз немесе жеңілдетілген бағалармен босатылатын дәрілік заттар және 8 –оксихинолин туындылары, улы заттар, гармонды стероидтер, клонидин, анаболитді стероидтер бір рецептуралық бланкіде біреуі жазылған жағдайда ғана босатуға рұқсат етіледі.

Дәрігердің жадынамасы

1. Емдеу- профилактикалық ұйымның шифры баспаханалық тәсілмен басылады немесе мөртабан қойылады.
 2. Рецепт латын тілінде, анық, айқын жазылады,шарикті қаламмен толтырылады, түзетуге тиым салынады.
 3. Бір бланкіде бір дәрілік зат жазылуы мүмкін.
 4. Ережеде қабылданған рецептуралық қысқартуға ғана рұқсат етіледі.
 5. Қатты, сусымалы заттар граммдарда (0,001;0,02;0,3;1,0), сұйық заттар –милитрде, граммдар мен тамшылар жазылады.
 6. Қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.
 7. «Ішкі», «Сыртқа», «Белгілі» деген және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге рұқсат етілмейді.
 8. Рецептті толтырған кезде (ересекке арналған,балаға арналған) қажеттісінің астын сызу керек.
 9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында ақысыз немесе жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттарға жазылып берілген рецептер республиканың әкімшілік аумақтық бірліктер шегінде (аудан,қала,облыс)10 күннің ішінде жарамды.
 10. Дәрілік заттар ақысыз немесе жеңілдетілген бағамен босатылған рецептерді толтырған кезде қажеттісінің астын сызып жеңілдіктердің пайызын көрсету керек.
 11. Рецептті жазған дәрігердің қолы оның жеке мөрімен куәландырылуы керек.
- Қалған дәрілік заттар бір рецептуралық бланкіде екеуден артық жазылмайды.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 31 беті |

Егер рецепте дәрілік заттар жоғары реттік дозасынан көп мөлшерде жазылып, медициналық қызметкер жазылған дәрілік заттардың бекітілген жоғары реттік дозасының жартысын босатады.

8-оксихинолин, улы заттар, гормонды стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер ақысыз немесе жеңілдетілген бағалармен босату үшін жазылған рецептер жазылған күнінен бастап 10 күнге дейін жарамды болады.

Басқа рецептер бойынша фармацевтикалық қызметкерлер рецептердің жазылған күнінен бастап бір ай бойы мерзімде дәрілік заттарды босатады.

Денсаулық сақтау ұйымдарымен ақысыз немесе жеңілдетілген базаларымен босатудан басқа дәрілік заттарға жазылған рецептер республиканың әкімшілік аумақтық бірліктері (аудан, қала, облыс) шеңберінде жарамды болады.

Дәрілік заттарға жазылған рецептердің сақталу мерзімдері:

- Дәрілік заттардың ақысыз немесе жеңілдетілген бағалармен босатылу рецептері- 3 жыл;
- 8-оксихинолин, улы заттар, гормонды стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер жазылған рецептер- 3 ай.

Аталған дәрілік заттарды босатуда фармацевтикалық қызметкер, олардың рецепте көрсетілген қолдану тәсілдерін сырқатқа жазып түсіндіріп береді.

Сақталу мерзімі аяқталған рецептерді жою үшін комиссия құрамы фармацевтикалық ұйымының басшысы және материалдық жауапкершіліктегі фармацевтикалық қызметкерлерден құрылады. Комиссия жойылған рецептердің санын жазбаша түрде көрсетіп, барлық мүшелері қолдарын қойып жою актісін жасайды.

Дәріханада, дәріханалық пунктте рецепте дәрігермен жазылған дәрілік зат жоқ болған жағдайда фармацевтикалық қызметкер емдеуші дәрігермен келісе отырып, дәрілік затты фармакологиялық аналогымен ауыстырады.

Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық қызметкерлері өздерінің компетенциялары негізінде сырқаттардың сәйкестігі медициналық көрсеткіштеріне қарай дәрілік заттарды толық бағасымен босату туралы № 130/е формалы рецептуралық бланкілерді жазады.

Дәрігердің құрамында есірткілік, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрілік заттарды босатуда фармацевтикалық қызметкер рецептің артқы жағына босатылған дәрілік заттардың санын, күнін көрсетіп қолын қоюға міндетті.

Рецепте басқа ингредиенттермен бірге жазылған есірткілік, психотроптық заттарды және прекурсорларды дайындалған дәрілік заттың құрамынан тыс босатуға тиым салынады.

Құрамында есірткілік, психотроптық заттар, прекурсорлар бар жеке дайындалған дәрілік формаларды және дайын дәрілік заттарды сыртқаттарға босатуда рецептің орнына дәрілік заттар мен бірге сары сызықты сигнатура беріледі. Сигнатурадағы мәліметтер толықтай рецептегі мәліметтерге сәйкес келуі керек.

Сигнатура екінші, үшінші, төртінші категориялы дәрілердің алынғандығы және қолданылуы заңды екендігін растайтын құжат болып саналады.

Дәрілік заттардың бір рецепті бойынша босатылу мөлшері бекітілген нормалық мөлшерден аспауы керек.

Рецепте «Арнайы тағайындалған» деген дәрігердің нұсқауы болған жағдайда көз тамшылары мен көз майларында дианинді 1грамға дейінгі мөлшерде жазуға болады.

Бір рецепте инкурабельді қатерлі ісік ауруларына есірткілік ,психотроптық дәрілердің мөлшерін 2есе көбейтуге рұқсат етіледі.

Фармацевт технолог дәріханалық ұйымға келген рецептерді қабылдау алдында, рецепті асықпай оқып, дұрыс жазылғандығынан тексеріп анықтайды. Дұрыс жазылмаған рецептер, дәрілік форманы тұтынушыға босатқаннан кейін дәріханада қалдырылып, рецепт жарамсыз

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 32 беті |

штампасы соғылып арнайы журналға тіркеледі. Дұрыс жазылмаған рецептерді жазған дәрігердің жұмыс істейтін ЕПМ басшысының назарына жеткізіліп отырылады.

Шипашақтарды жазу, есепке алу және сақтау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015ж 22 мамырдағы №373 бұйрығы «Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына негізделіп жүзеге асырылады. Осы рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидалары «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009ж 18 қыркүйектегі Кодексінің 69-бабының, 5- тармағына сәйкес әзірленді және рецептілерді жазу, есепке алу және сақтаудың тәртібін айқындайды.

Рецептілер рецепт жазып берген медицина қызметкерінің қолымен және жеке мөрімен расталады. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген шеңберінде дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды алуға рецептілер амбулаториялық деңгейде автоматтандырылған жүйеде электрондық түрде жазылады, есепке алынады және мониторинг жүргізіледі.

Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті шартта алуға рецептілер медициналық ұйымының бұйрығымен айқындалған қосымша уәкілетті органның қолы қойғызылады және «Рецептілер үшін» денсаулық сақтау ұйымының мөрімен расталады. Рецепттерге қол қоюға құқығы бар уәкілетті адамдардың қолдарының үлгілерін денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен тиісті шарттары бар фармацевтикалық қызмет объектілеріне медициналық ұйымдары жібереді.

Фельдшерлік – акушерлік пункттерінің меңгерушісі тегін және жеңілдікті негізде дәрілік заттарды алуға рецептіні өзінің қолымен және ФАП мөрімен растайды. Ауылдық елді мекендерде дәрігерлер болмаған жағдайда рецептілерді науқастарға амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медицина қызметкері жазады. Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецептілер жазылмайды.

Тегін және жеңілдікті дәрілік заттарды алуға рецептінің мазмұны мен нөмірі науқастың амбулаториялық картасында белгіленеді.

Рецептілер бланкте латын тілінде жазылады, қолдану тәсілі дозасы, жиілігі және қабылдау ұзақтығы көрсетіле отырып, сәйкес бағандарда мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады. Жалпылама нұсқаулармен «Белгілі» «Ішке қолдануға» «Сыртқа қолдануға» шектеулерге жол берілмейді. Рецептте түзетуге жол берілмейді. Қатты шашылатын заттар граммен 0,001; 0,02; 0,3; 1,0, сұйық заттар миллилитрлерде, грамдарда және қанша тамшы құю қажет екені жазылады. Рецепттерде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес негізгі рецептуралық қысқартулар қолданылады.

Тегін немесе жеңілдікті негізде дәрілік заттарды алуға бір рецептуралық бланкте құрамында туынды 8-оксихинолин, гормоналды стероидтар, клонидин, анаболикалық стероидтар, кодеин, тропикамид, циклопентолат, трамадол, буторфанол бар дәрілік заттардың бір атауы, ал қалған дәрілік заттардың кемінде екі атауы көрсетіледі.

Жоғары бір реттік дозадан асатын дозадағы дәрілік затты жазу кезінде дәрігер рецептте дәрілік заттың дозасын жазумен және леп белгісімен белгілейді. Дәрігер бұл талаптарды сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері жазылған дәрілік затты белгіленген жоғары бір реттік дозаның жартысын босатады.

Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында ғана қолданылатын дәрілік заттарға рецептілер жазылмайды.

Дәрілік заттарға соның ішінде тегін және жеңілдікті шартта өткізілетін рецептілер 1 ай ішінде жарамды.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 33 беті |

Науқастарға жазылған дәрілік препараттардың саны емдеу курсының есебінен , ал тұрақты емделуге мұқтаж адамдарға Зай есебінен көрсетіледі.

Тегін негізде босатылған дәрілік заттарға рецептілерді сақтау 3 жыл ішінде фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің жеткізушілері жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында жазылған дәрілік заттарға рецептілер республиканың барлық аумағында жарамды, дәрілік заттарды тегін және жеңілдікпен босатуға рецептілерді қоспағанда республиканың /аудан,қала, облыс/ әкімшілік аумақтық бірлігінде жарамды.

Науқастарға құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілерін тиісті медициналық көрсетілімдері болғанда науқастың жасын ескере отырып, денсаулық сақтау ұйымының дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер немесе өз бетінше қабылдау жүргізетін дәрігерлер жазып беріп, қолын қояды, жеке мөрімен және денсаулық сақтау ұйымының мөртабанымен және мөрімен куәландырылады.

Амбулаториялық науқастарға құрамында Тізімінің II кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттар осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша типографиялық тәсілмен дайындалған, А6 форматты, коды, бланк нөмірі мен қорғалу дәрежесі бар қызғылт түсті арнайы рецептілік бланкте жазып беріледі.

Арнайы рецептілік бланкілердегі рецептілер дәрігердің өз қолымен жазылады, денсаулық сақтау ұйымының мөртабанымен, мөрімен, дәрігердің жеке мөрімен, дәрігердің қолымен, денсаулық сақтау ұйымының бас дәрігерінің қолымен куәландырылады. Рецептінде учаскенің нөмірі, медициналық құжаттаманың нөмірі, рецептіні жазып берген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты, сондай ақ науқастың тегі, аты, әкесінің аты, жасы мен тұрғылықты мекенжайы көрсетіледі.

Арнайы рецептілік бланкілердің түбіртектері рецептке сәйкес толтырылады және денсаулық сақтау ұйымдарында олардың сақталуына жауапты адамда сақталады.

Рецептінің мазмұны, арнайы рецептілік бланкінің сериясы мен нөмірі науқастың медициналық құжаттамасына енгізіледі.

Инкурабельді онкологиялық науқастарды емдеу үшін құрамында Тізімінің II, III, IV кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың бір рецептіде жазып берілген мөлшері 2есе ұлғаюы мүмкін. Дәрілік заттың мөлшері жазумен жазылады және леп белгісі қойылады. Рецепт бекітілген 130/е нысаны бойынша белгіленген үлгідегі рецептілік бланктерде жазылып беріледі.

Құрамында Тізім кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілері рецепт берілген сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жарамды.

Рецептілерді жазу және беру кезінде:

ҚР дәрілік заттардың, мед.мақсаттағы бұйымдар мен мед.техниканың мемлекеттік тізілімінде тіркелмеген және ҚР қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецепт жазып беруге;

Нашақорлыққа шалдыққан науқастарға құрамында Тізімінің II кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды жазып беруге;

амбулаториялық науқастарға этил эфирін, сондай ақ фентанилдің инъекциялық ерітінділеріне рецептілер жазып беруге және босатуға;

Бір рецептілік бланкіге құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды осы Қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген мөлшерден артық жазып беруге және босатуға;

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | Дәріс кешені | 77/ 11 56 беттің 34 беті |

рецептіде жазып берілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың дайындау нысаны құрамынан бөлек заттарды босатуға жол берілмейді.

Дұрыс жазылып берілмеген рецептілер туралы ақпарат жазып берілген рецептіде қате табылған сәттен бастан бір күн ішінде тиісті денсаулық сақтау ұйымының басшысына тапсырылады.

Рецепт жазып берген адам, науқас қайта жүгінген сәтте оның тиісінше рәсімделуін қамтамасыз етеді.

Дәріхана ұйымдарынан құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар:

Осыған сәйкес сенімхат негізінде есірткі, психотроптық заттарға және прекурсорларға қойылатын талаптар бойынша денсаулық сақтау жүйесінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында жұмыс істеуге құқығына лицензиясы бар заңды тұлғаларға;

өлшенген 3,0 және 5,0 грамм калий перманганатын қоспағанда, дәрігердің рецептісі бойынша халыққа беріледі.

Сенімхаттың қолданыс мерзімі 10 күннен аспауы керек.

Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар жарамсыз дәрілік заттар, сондай ақ сынақтардан кейін қалған қалдықтар жойылу тиіс.

Денсаулық сақтау ұйымдарында құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар нөмірленген, тігілген, денсаулық сақтау ұйымдары мен Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының мөрі мен қолдары қойылған заттық-сандық есепке алу журналдарында тіркеледі.

Есепке алу журналының бірінші бетінде заттық-сандық есепке алынатын дәрілік заттардың тізбесі көрсетіледі. Дәрілік заттың әрбір дәрілік нысаны, дозасы, қапталуы үшін жеке парақ бөлінеді, онда дәрілік заттың атауы, дәрілік нысаны, дозасы, өлшем бірлігі, журналды толтыруға жауапты адамның тегі мен аты жөні көрсетіледі. Келіп түскен нөмірі мен күні көрсетіліп, әрбір кіріс құжаты бойынша жазылады. Шығыны күндік қорытындысы мен жазылады. Есепке алу журналы бір жыл бойы жарамды.

Жауапты адам әр айдың бірінші күнінде нысан бойынша есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды салыстырып тексеру актісін құрастыра отырып, құрамында есірткі, психотроптық заттармен прекурсорлар бар дәрілік заттардың нақты бар жоғын кітаптағы қалдықпен салыстырып тексереді.

Көрсетілген заттарды түгендеуде әрбір түгендеу ведомосы бойынша нақты қалдықтар анықталады.

Нақты қалдықтардың кітаптағы қалдықтардан айырмашылығы анықталған жағдайда, бұл туралы денсаулық сақтау ұйымының басшысы бір тәуліктің ішінде Комитеттің аумақтық бөлімшесіне және ішкі істер органына хабарлайды.

Арнайы рецептілік бланкілерді есепке алу кітабы оған қатысты барлық кіріс бойынша жұмсалған шығыс құжаттарымен, сейфте немесе металл шкафтарда ағымдағыны санамағанда, бес жыл бойы сақталады.

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы үйде қайтыс болған науқастардан қалған, пайдаланылмаған арнайы рецептілерді қабылдау мен есепке алуды науқас қайтыс болғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде ұйымдастырады.

Үйде қайтыс болған онкологиямен ауырған науқастардың туыстарынан арнайы рецептілік бланкілерге жазып берілген, пайдаланылмаған рецептілерді қабылдау – беру актісімен рәсімделеді және есепке алудың арнайы журналында тіркеледі. Пайдаланылмаған арнайы рецептілерді жою фактісі тиісті актімен рәсімделеді.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 35 беті |

Дәріханаларда дәрілік заттарды рецептсіз босату.

Дәрілік заттарды дәріханалық ұйымдардан рецептсіз босату тауарларды бөлшектеп босатудың құрамды бөлігі болып табылады.

Дәріханалардан дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды рецептсіз босату - дәрілік заттарды рецептсіз босату бөлімі арқылы жүргізіледі.

Әлемдегі және тәуелсіз мемлекеттер достығы (ТМД) елдеріндегі сияқты Қазақстан Республикасында да соңғы жылдары дәрілік заттарды рецептсіз босату (ДЗРБ) көлемі өсу үстінде. ДЗРБ көлемінің өсуінің негізгі себептеріне келесілерді жатқызуға болады:

- 1) рецептсіз босатылатын дәрілік заттарға қолжетімділіктің өсуі;
- 2) тұрғындардың дәрі-дәрмектер туралы ақпараттандырылу деңгейінің өсуі;
- 3) азаматтардың өздерінің және жанұя мүшелерінің денсаулықтарына деген жауапкершіліктерінің жоғарылуы;
- 4) азаматтардың салауатты өмір сүруге тырысуы.

Дәрілік заттарды рецептсіз босатылуының өсуі денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекеттік саясаттың азаматтардың денсаулықтарына деген жауапкершіліктерін жоғарлату принциптеріне негізделеді. Мұндай жағдай әлемдегі дамыған елдердің көпшілігінде байқалады.

Дәрілік заттарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды рецептсіз босату дәріханалармен қатар дәріханалық пункттер мен дәріханалық дүкендер арқылы жүргізіледі.

Дәріханалардың дәрілерді рецептсіз босату бөлімінің негізгі қызметтеріне келесілер жатады:

- а) тауар жеткізушілерді анықтап, іріктеу;
- б) бөлімдегі тауарлар қорын үнемі бақылау және уақытылы толықтырып отыру;
- в) бөлімде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, басқа да фармацевтикалық тауарлардың дұрыс сақталуын ұйымдастыру;
- г) тауарларды тұтынушыларға тиімді түрде босату;
- д) тұрғындарға дәрілік заттарды, мед. бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды қолдану тәсілдерін, ұй жағдайында сақтау тәртіптерін түсіндіру.

Д.З рецептсіз босату бөлімі дәріхананың сауда залында орналасып, керекті дәріханалық жабдықтармен: сақтау шкафтарымен, витриналарымен, тоңазытқыштармен, айналармен, кассалық аппараттармен т.б қамтамасыз етіледі.

Рецептсіз босату бөлімін фармацевт немесе фармацевтің ассистенті басқарады. Бөлімнің тауарлары ассортиментін ҚР ДСМ бұйрығымен анықталып бекітілген дәріханалық ұйымдардан рецептсіз босатуға рұқсат етілген дәрілік заттар құрайды. Фармацевтикалық қызметкерлер дәрігердің рецептінсіз босатылған дәрілік заттардың қолданылуы туралы тұрғындарға толық ақпараттық мәліметтер береді, дәрілік заттардың дұрыс та тиімді қолдануын, қосалқы әсерлерін болуы мүмкін, сақталу жағдайлары мен мерзімдерді түсіндіреді.

Дәрілік заттардың дәрігердің рецептісі бойынша және рецептсіз босатуға жататынын айқындау жөнінде нұсқаулық

1. Дәрілік заттардың дәрігердің рецептісі бойынша және рецептсіз босатуға жататынын айқындау жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі қарай - Нұсқаулық) халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыздандыруды жетілдіру және нормативтік құқықтық актілерді халықаралық заңнамалық кесімдермен үйлестіру, сондай-ақ дәрілік заттарды босату (сату) қатынасының бірыңғай бабын қабылдау мақсатында дайындалған.

2. Дәрілік заттардың дәрігердің рецептісі бойынша және рецептсіз босатуға жататынын дәрілік заттарды сараптау және мемлекеттік тіркеу кезінде анықталады.

3. Дәрілік заттардың дәрігердің рецептісі бойынша және рецептсіз босатуға жататынын:

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | Дәріс кешені | 77/ 11 56 беттің 36 беті |

- 1) препараттардың фармакологиялық сыпаттамасын;
 - 2) адам ағзасына жанама әсерлерін;
 - 3) терапиялық және уытты дозаларының қатынас деңгейін ескере отырып анықтайды.
 4. Дәрілік заттардың дәрігердің рецептісі бойынша босатуға оларды тағайындау және әрі қарай қолдану тұрақты түрде дәрігердің бақылауында жүргізілуі керек дәрілік заттар жатады. Оларға:
 - 1) "Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында бақылауға жататын, құрамында есірткілік құралдар бар заттар, психотроптық заттар, улы заттар мен прекурсорлар;
 - 2) осы Нұсқаулыққа қосымшада келтірілген фармакологиялық топтардағы дәрілік заттар;
 - 3) дұрыс қолданса да, бірақ медициналық қадағалаусыз, тұтынушылардың денсаулығына тікелей немесе жанама қауіп келтіретін дәрілік заттар;
 - 4) құрамында әсерін және/немесе жанама әсерін әрі қарай зерттеуді талап ететін заттары бар дәрілік заттар;
 - 5) парентералды тәсілмен енгізуге арналған дәрілік препараттар;
 - 6) тек қана ауруханаларда қолдануға рұқсат берілген, немесе қолдануды қажет ететін дәрілік заттар, оның ішінде диагностикалық заттар жатады.
 5. Дәрігердің рецептісіз босатылатын дәрілік заттарға:
 - 1) өзінің қасиеттері бойынша осы Нұсқаулықтың 4 тармағымен белгіленген өлшемдерге кірмейтін;
 - 2) репродуктивті уыттылығы, тұқым қуалайтын уыттылығы және канцерогендігі жоқ;
 - 3) фармакологиялық сипаттамасында қанға, бауырға, бүйрекке, жүрек жұмысына теріс әсері жөнінде мәліметтері жоқ;
 - 4) өндіруші-елінде немесе Еуропа Одағы елдерінде дәрігердің рецептісіз босатуға рұқсат берілген дәрілік заттар тізіміне кіретіндер жатады.
 6. Дәрілік заттар айналымындағы мемлекеттік орган осы Нұсқаулықтағы 4 тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген фармакологиялық топтардағы дәрілік заттарды, егер олар өзінің сипаттамасы бойынша осы Нұсқаулықтағы 5 тармақтың 2), 3) және 4) тармақшасындағы өлшемдерге жауап берсе, рецепсіз босатуға жатқыза алады.
- 4.4. Иллюстрациялы материалдар:** презентация
- 4.5. Әдебиеттер.** Қосымша 1.
- Негізгі әдебиеттер**
- 4.6. Бақылау сұрақтары:**
1. Дәріханада рецептерді қабылдау және дәріханадан дәрілерді босату.
 2. Дәрілерді босату және рецептерді қабылдауды жүргізетін жұмысшылардың тізімі, олардың міндеттері мен құқықтары.
 3. Рецепт.Рецепттерді тіркеу, есепке алу және сақтау.
 4. Рецепттің жазылған дәрілік заттардың төлену тәртібіне және құрамына қарамастан қажет реквизиттер.
 5. Рецепттердің жазылу тәртібі. Рецептуралық бланкілер түрлері.
 6. Рецепттің фармацевтикалық экспертизасы.
 7. Дәріханаларда дәрілік заттарды және басқа да тауарларды рецептсіз босату.
 8. Кіші бөлшектік сауда жүргізетін жүйелердің қызметтерін ұйымдастыру.
 9. Дәріханалардың дәрілерді рецепсіз босату бөлімінің негізгі қызметтеріне не жатады?

| | | |
|--|--|--|
| O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | 77/ 11 | |
| Дәріс кешені | 56 беттің 37 беті | |

4.1. Сабақтың тақырыбы №8. Дәрілерді безендіру жұмысын ұйымдастыру. Дәріханалық ұйымдарда тауарлардың сақталуын ұйымдастыру.

4.2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға дәрілерді безендірудің бірінғай ережесін және құрамында улы, есірткі және күшті әсері бар дәрілік заттарды безендіру және сақтау жолдарын үйрету. Дәріханалық ұйымдарда дәрілік заттардың және басқа да тауарлардың сақталуын, дәрілік заттарды сақтауда қойылатын негізгі талаптарын, сақтау ерекшеліктерін білім алушыларға таныстыру.

4.3. Дәріс тезистері:

Дәріханаларда дайындалған дәрілердің безендірілуі

Дәріханаларда дайындалған барлық дәрілер түрлі меншіктегі дәріханалық ұйымдарда дайындалған дәрілердің безендірілуінің бірінғай тәртіптеріне сәйкес этикеткілермен безендіріледі. Этикеткілердегі жазулар дәрілік заттардың қолданылу бағыттарын анықтайды:

- «Ішке» - ішке қолданылатын дәрілер үшін;
- «Сыртқа» - сыртқа қолданылатын дәрілер үшін;
- «Инъекциялық» - инъекциялық дәрілер үшін;
- «Көз тамшылары», «Көз майы» - көзге қолданылатын дәрілер.

Дәріханалық этикеткілердің келесі түрлері болады:

- ішке қолданылатын дәрілерге - жасыл;
- сыртқа қолданылатын дәрілерге - қызғылт-сары;
- көз тамшылары мен майларға- қызғылт;
- инъекциялық дәрілерге - көк.

Дәріханаларда рецептер бойынша жеке және дәріханалық дайын дәрілік формаларды, бөлшектеу арқылы дайындалған дәрілерді безендіру этикеткілерінде дәрілік форманың түріне сәйкесті баспаханалық әдіспен печатталған ескерту жазулары болады:

- «Құрғақ және жарық түспейтін жерлерде сақтау»;
- «Қолданар алдында шайқау керек» - микстуралар үшін;
- «Құрғақ және жарық түспейтін жерлерде сақтау» - көз майлары мен тамшылар үшін;
- «Жарық түспейтін жерлерде сақтау» - ішке қабылданатын тамшылар үшін;
- Барлық этикеткілерде «Балалардан қорға» ескерту жазулары болуы керек.

Этикеткілердің көлемі, дәрілік формалар құйылып босатылатын ыдыстарға сәйкес болуы керек. Мысалы, 10-нан 100 мл. дейінгі сийымдылықтағы флакондар үшін этикеткінің көлемі 63x50 мм болады.

Жеке дайындалған дәрілер, дәрілік формалардың түрлеріне және қолданылуына қарай сәйкесті этикеткілермен безендіріледі: «Микстура», «Тамшы», «Ұнтақ», «Көз тамшылары», «Көз майы», «Сыртқы», «Инъекциялық». Рецептер бойынша жеке дайындалған дәрілік формаларды безендіру этикеткілерінің бәрінде келесі белгілеулер жазылады:

- медициналық эмблема;
- дәріханалық ұйымның орналасқан жері;
- дәріханалық ұйымның атауы;
- рецептің нөмірі;
- арудың аты, әкесінің аты;
- қолдану тәсілі (ішке, сыртқа, инъекция үшін) немесе дәрілік форманың түрі (көз тамшысы, майы т.б.);
- қабылдау тәртібі (микстуралар үшін: «қасықтан күніне... рет; ...тамшыдан күніне ...рет»; ұнтақтар үшін: «...ұнтақтан күніне ...рет» т.б.; дайындалған күні;
- бағасы;

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | Дәріс кешені | 77/ 11 56 беттің 38 беті |

• «балалардан сақта» ескерту жазуы.

Жеке дайындалған дәрілік формаларды безендіру этикеткілерінің текстiлерi мемлекеттік немесе орыс тiлдерiнде печатталуы керек.

Дәріханалық дайын дәрілік формаларды және бөлшектелген дәрілерді безендіру сәйкесті этикеткілер түрлері арқылы жүргізіледі: «Ішке», «Май», «Мұрынға тамызу тамшылары», «Көз тамшылары», «Көз майы», «Сыртқа», «Инъекцияға арналған». Этикеткілердің барлық түрлеріне келесі белгілеулер жазылады:

- медициналық эмблема;
- дәріханалық ұйымның орналасқан жері;
- дәріханалық ұйымның атауы;
- қабылдау тәсілі (ішке, сыртқа, инъекция үшін) немесе дәрілік форманың түрі (көз тамшылары, майы т.б.);
- сериясы;
- дайындалған күні;
- бағасы;
- «балалардан сақта» ескерту жазуы.

Этикеткілерде дәрілік формалардың қолданылу бағыттарына қарай сәйкесті ескерту жазулары печатталынады. Дәрілік формалардың сериясы бөлшектеу журналындағы реттік нөмірінің цифрлары мен дайындалған күні цифрларын қосу арқылы анықталады.

Емдеу-профилактикалық ұйымдардың сұрау-талап қағаздары бойынша дайындалған дәрілерді безендіру этикеткілерінде келесі белгілеулер жазылады:

- дәріханалық ұйымның орналасқан жері;
- дәріханалық ұйымның атауы;
- аурухананың атауы;
- аурухананың бөлімі;
- дайындалған күні;
- жарамды мерзімі;
- дайындаған _____, тексерген __, босатқан;
- талдау № _____;
- қабылдау тәртібі (ішке, сыртқа, инъекция үшін) немесе дәрілік форманың түрі (көз тамшылары, майы т.б.);
- дәрілік форманың құрамы.

Инъекцияға арналған дәрілік формалардың этикеткілерінде дәріні қолдану *тәсілдері* толық жазылады: «Қантамырының ішіне; қантамырдың ішіне (тамшылай)», «Бұлшық еттің ішіне». Этикеткілердегі барлық белгілер баспаханалық әдіспен мемлекеттік немесе орыс тiлдерiнде басылуы керек.

Дәріханада дайындалған дәрілік заттардың, оның ішінде гомеопатиялық дәрілік формалардың сапасы, оларды дәрілік зат ретінде толық сипаттайтын көрсеткіштері негізінде анықталады.

Дәріханалық жағдайда дайындалған дәрілік заттардың сапасын бағалауда «қанағаттанарлық» (жарамды өнім) және «қанағаттанарлықсыз» (жарамсыз өнім) түсініктері қолданылады.

«Қанағаттанарлықсыз» түсінігі келесі жағдайларда пайдаланылады:

- 1) дәрілік формалардың сыртқы түрі, түсі, иісі жазылғанға сәйкес келмегенде;
- 2) мөлдірлігі, тұнықтығы немесе түстілігі сәйкес келмегенде;
- 3) ыдырауы бойынша сәйкес келмегенде;
- 4) ұнтақтардың, майлардың, суппозиториялардың және гомеопатиялық тритурациялардың ұсақталуы мен араластырылуы біркелкі болмағанда;
- 5) сұйық дәрілік формаларда көзге көрінетін механикалық қоспалар болғанда;

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 39 беті |

- б) сапалық бақылау жүргізілген кездегі жазулар дәрілік форманың құрамына сәйкес келмегенде (бір дәрілік затты басқа дәрілік затпен ауыстыру, жазылған дәрілік заттың жоқтығы);
- 7) рецептегі немесе емдеу-профилактикалық ұйым сұрау-талап қағаздарындағы жазылымдардан дәрілік формалардың көлемі, дозалары бойынша ауытқушылық болғанда;
- 8) рН көрсеткіші сәйкес келмегенде;
- 9) тығыздығы бойынша сәйкес келмегенде;
- 10) микробиологиялық тазалығы жағынан сәйкес келмегенде;
- 11) стерильдігі сәйкес келмегенде;
- 12) тығындалуының герметикалылығы бұзылғанда (стерильдік дәрілік формалар үшін);
- 13) босатуға дайындалған дәрілік формалардың безендірілуі дұрыс болмаған жағдайда.
- Дәрігерлердің рецепте жазған дәрілік заттарының құрамын өзгерту, сонымен қатар таблетканың орнына ұнтақтарды босату тек қана дәрігердің келісімімен жүргізіледі.

Дәріханалық ұйымдарда тауарлардың сақталуын ұйымдастыру.

Тауарлардың сақталуы дайын өнімнің шығарылуынан бастап тұтынуға дейінгі тауарлар қозғалысының барлық сатыларын қамтиды.

Тауарлардың сақталуы-қоймалық сақтау бөлмелерде тауарларды орналастыру және олардың сапасын қамтамасыз ету мақсатында күту процестерін қамтиды.

Тауарларды сақтаудың мақсаты - тауарлардың бастапқы қасиеттерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Дәріханалық ұйымдарда дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды сақтауды ұйымдастырудың негізгі жағдайларына: тауарларды сақтау үшін сәйкесті бөлмелердің болуы, тауарларды сақтауға керекті режимдердің қалыптастырылуы, тауарлардың сақталу талаптарына сәйкес дұрыс орналастырылуы жатады. Тауарлардың сақтау жағдайын анықтайтын маңызды факторларға дәрі-дәрмектердің, басқа да фармацевтикалық тауарлардың сақталатын бөлмелердің қойылатын талаптарға сәйкес болуы, керекті жабдықтармен жабдыкталуы және сақтау орындарында дұрыс орналасуы жатады. Дәрі-дәрмектерді дәріханалық қойма бөлмелерінде сақтауды ұйымдастыру барысында тауарларды сақтаудың негізгі принциптері мен әдістерін қолдану қарастырылады.

Тауарларды сақтаудың негізгі принциптеріне тауарларды тусіру-тиеу жұмыстарының механикаландырылуын қамтамасыз ету, сақталу жағдайлары бірдей тауарлардың бір-бірімен қатар сақталу тәртібін сақтау және қоймалық бөлмелердің тиімді пайдаланылуы жатады. Тауарларды сақтаудың аталған принциптері негізінде тауарлар сақталатын бөлмелердің орналасуына, пайдаланылуына, жабдықтарлуына қойылған талаптар анықталады.

Тауарлар сақталатын стеллаждар қойма бөлмелерінің сыртқы қабырғаларынан 0,6-0,7 м қашықтықта, бөлме төбесінен 0,5 м аласа және еденнен 0,25 м биіктікте орналасуы керек. Стеллаждардың арасында 0,75м өту жолдары қалдырылып, жарықпен қамтамасыз етіледі. Тауарлар сақталатын бөлмелер тазалықта ұсталып, үнемі жуылып-шайылып тұрады. Тауарларды сақтаудың негізгі әдістері тауарларды тасмалдау ыдыстарымен және тасымалдау ыдыстарынсыз сақтау болып екіге бөлінеді.

Тауарлар тасымалдану ыдыстарынсыз сақталу кезінде вертикалды орналастырылған стеллаждардың полкаларына қаланып, этикеткілері мен маркировкалары сыртқа қаралып қойылады. Дәрілік заттардың, басқа да фармацевтикалық тауарлардың жанына олардың атаулары, сериялары, саны және жарамды мерзімдері көрсетілген стеллаждық карта ілінеді. Стеллаждық карта түскен тауарлардың әр сериясының уақытылы босатылуына бақылау жасау мақсатында жазылып отырады.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 40 беті |

Тауарлардың негізгі сақталу бөлімдерінде дәрі-дәрмектердің, медициналық бұйымдардың, басқа да фармацевтикалық тауарлардың сақталу мерзімдерін бақылап, қадағалау үшін арнайы картотека жүргізіледі.

Дәрі-дәрмектерді, басқа да фармацевтикалық тауарларды сақтауда тауарларды сақтаудың негізгі принциптерінен басқа дәрі-дәрмектердің тауарлық ерекшеліктеріне тән бірнеше принциптер қолданылады. Дәрілік заттардың, басқа да фармацевтикалық тауарлардың топтарын сақтауды ұйымдастыруда қолданылатын ерекше принциптерге токсикологиялық және фармакологиялық топтары бойынша, қабылдау тәсілі бойынша, антропологиялық дәрілік заттардың агрегаттық түрлері бойынша, сақталу мерзімдері бойынша, дәрілік заттардың дәрілік формалары бойынша және сыртқы ортаның әсер ету факторлары мен физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып сақтау жатады.

Дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, сапасы мен сақталуына сыртқы ортаның факторлары, атап айтқанда ауаның дымқылдылығы, жарық, температура, басқа да ауа қосындылары мен қоршаған ортаның ластануы әсер етеді. Аталған факторлар дәрі-дәрмектер мен басқа да фармацевтикалық тауарлардың физикалық-химиялық қасиеттеріне әсер ете отырып, сапасын төмендетеді.

Дәрілік заттарды сақтау үшін реттелуден жоғары температура дәрі-дәрмектердің сапасын төмендететін физикалық-химиялық процестерді жылдамдатады. Сондықтан дәрілік заттардың нормативтік құжаттарда анықталып, айқындалған сақталу температураларын ескеру керек.

Дәрілік заттарды сақтайтын құрғақ бөлмелерде ылғалдықтың мөлшері 60% аспауы қарастырылады, ал жоғарғы ылғалдылық бөлмелерінде-65 %.

Дәрілік заттардың сақталу орындарында ауаалмасу жақсы болуы керек. Себебі, ауаалмасу процесі арқылы сақталатын тауарлардың, ыдыстардың, жабдықтардың т.б. газды заттарының иісі жойылып, ылғалды-температуралық режимі теңестіріп отырады. Ауаалмасу процесін терезелерді ашу арқылы немесе арнайы желдеткіштерді қолданып жүргізеді.

Тауарлардың сақталу режимінің көрсеткіштерінің бірі жарық. Жарық, әсіресе ашық күн сәулесі дәрі-дәрмектерге көбіне теріс әсерін тигізеді, себебі тотығу процестерін жылдамдатады. Сондықтан дәрілік заттардың көбін қараңғы жерде сақтау ұсынылады, мүмкін болмаған жағдайда (дәріханалық сауда залында) тауарларға күн сәулесінің түспеуі қарастырылады. Ол үшін дәрі-дәрмектер сақталатын бөлмелердің терезесі күн түспейтін жақтарға қаратылады, дәріханалардың сауда залының терезелері перделермен жабылады.

Дәрілік заттарды сақтауда компьютерлік, кітаптық, картотекалық т.б. тәсілдердің қолайлы түрі мен тауарлардың жарамдылық мерзімдерінің есебі жүргізіліп, үнемі бақыланады.

Дәріханалық қойманың тауарларды сақтау бөлімдерінің ішкі қабырғаларында тұтанғыш аспаптар мен еденнен 1,5 — 1,7м жоғары және есіктен 3 м қашықтықта термометрлер мен гигрометрлер ілінеді.

Ауа тазалығын сақтау үшін тауарларды сақтау бөлмелері кондиционерлермен, арнайы желдеткіштермен жабдықталады.

Дәріханалық қойма, басқа да тауарлар сақтау бөлмелерінде санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында едендер күніне кемінде бір рет рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау заттарын қолдана отырып, ылғалды түрде тазартылып отырылады.

Атаулары үндес, ішу үшін қолданылатын күшті әсерлі жоғарғы дозаларымен ерекшеленетін дәрілік заттарды қатар және алфавитті тәртіпте орналастыруға болмайды. Сырқаттардың диагностикасы, профилактикасы және емделуінде пайдаланылатын медициналық бұйымдар мен фармацевтикалық тауарлар келесі топтарға бөлінеді:

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 41 беті |

- резеңке бұйымдары;
- пластмассадан жасалған бұйымдар;
- байлау-таңу материалдары;
- медициналық техника құралдары мен жабдықтары.

Дәрі-дәрмектер, басқа да фармацевтикалық тауарлар сақталатын қойма бөлмелерінде және олардың аумақтарында кеміргіш жәндіктермен, басқа да зиянкестерге қарсы күрес жүргізу шаралары үнемі жүргізіліп отыруы қажет. Дәрілік заттарды сақтауда физикалық-химиялық қасиеттеріне және сыртқы ортаның әсер ету факторларына байланысты келесі топтары анықталады:

- жарықтың әсерінен қорғауды талап ететін;
- ылғалдың әсерінен қорғауды талап ететін;
- ұшып кетуден қорғауды талап ететін;
- жоғарғы температураның әсерінен қорғауды талап ететін;
- төменгі температураның әсерінен қорғауды талап ететін;
- қоршаған орта газдарының әсерінен қорғауды талап ететін;
- иісті, бояғыш заттар;
- дезинфекциялау заттары;
- улы заттарды (хлор әгі, хлорамин) бөліп шығаратын т.б.
- тұтанғыш және жарылғыш заттар.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

4.5. Әдебиеттер. Қосымша 1.

4.6.Бақылау сұрақтары: (кері байланыс)

1. Дәріханада дайындалған дәрілік формаларды безендіру тәртіптері қандай?
2. Дәріханаішілік дәрілік заттарды қалай безендіреді?
3. Дәрілерді безендірудің біріңғайлы ережесі.
4. Құрамында улы, есірткі және күшті әсері бар дәрілік заттарды безендіру және сақтау.
5. Дәріханалық ұйымдарда тауарларды қабылдау қалай жүргізіледі?
6. Дәріханалық ұйымдарда тауарларды сақталу тәртібі қандай?
7. Дәріханалық ұйымдардан тауарларды босату қалай іске асырылады?

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 42 беті |

4.1.Сабақтың тақырыбы №9. Фармацевтикалық нарықтағы тауарлар қозғалысы. Фармацевтикалық логистика.

4.2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға фармацевтикалық нарықтың тауар өткізу жүйесінің жұмысын ұйымдастырып, фармацевтикалық өнімдердің өткізу каналдары, дәрілік заттардың айналым сферасындағы логистика, тауар қозғалысы арналары туралы түсінік қалыптастыру.

4.3. Дәріс тезистері:

Тұтынушы тауарды таңдау кезінде, оны басқа аналогтық тауарлармен салыстырады. Ол тауардың әйгілі ұйымнан болғанын, сапасының жоғары болғанын қалайды. Тұтынушыда берілген ұйым туралы, оның тауарлары және осы тауарлардың басқа аналогтық тауарларға қарағанда артықшылықтары туралы белгілі бір ой-пікір пайда болады. Сол себепті тауарды өндіруші ұйым өзінің имиджін, тауарының престижін ойлау қажет. Бұл саясат келесідей коммуникация құралдарын қолдану арқылы жүзеге асады:

- жарнамалау;
- жеке сатылым;
- сауданы стимулдау;
- қоғамдық байланыстар.

Жарнама дегеніміз аудиторияға тауарлар мен қызметтер туралы мәліметтерді жеткізудің ақылы түрі. Мақсаты: тауарлар мен қызметтер туралы мәліметтер беру және осы арқылы тауарлармен қызметтердің жылжуын қамтамасыз ету.

Жеке сатылым – сату мақсатында сатушы мен бір немесе бірнеше сатып алушының тікелей контактіге түсуі.

Қоғамдық байланыстар – тауар және оны өндірушінің туралы оң пікірді қалыптастыру үшін ұйым мен қоғам арасында коммуникация ұстау.

Жарнамалау, жеке сатылым, сауданы стимулдау, қоғамдық байланыстар коммуникация кешенін құрастырады.

Коммуникация кешенінің барлық құрамдас бөліктерін дұрыс қолдану арқылы тауардың жылжуын қамтамасыз етіледі.

Ал коммуникация кешенінің түрлі құрамдас бөліктерін дұрыс ара-қатынасын қамтамасыз ету үшін келісімді ескеру керек:

- тауардың типін немесе нарықтың типін
- тауардың өмірлік циклін

Жарнаманың негізгі түрлері:

- тауарлық жарнама (жеке тауарлардың сатылымын стимулдауға арналған)
- институционалдық жарнама (ұйымның имиджін қалыптастыруға бағытталған)
- салыстырмалы жарнама (екі не одан да көп тауарлардың негізгі параметрлерін салыстыруға арналған)
- бәсекелестік жарнама (бәсекелес ұйымдардың тауарлармен салыстырған кездегі тауардың артықшылықтарын көрсетілуін қамтамасыз етеді)
- басқа да жарнама түрлері

Жеке сатылым

Коммуникациялық кешеннің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде жеке сатылым тауар туралы оң пікірлерді қалыптастырып, тұтынушыларды тауарды сатып алуға деген құштарлығын оятуды қамтамасыз ету керек.

Сауда өкілдерін әдетте сауда агенттері, сауда консультанттары, табыс бойынша инженерлер, қызметтер бойынша агенттер, маркетингтік агенттер, комвояжерлер деп атайды.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 43 беті |

Комвояжерлер – тауар үлгілері немесе сипаттамалары бойынша тұтынушыға ұсынатын ұйымның өкілі.

Сауда агенті – тауардың жылжуы үшін бір немесе бірнеше функцияларды атқарушы және ұйымның атынан қызмет ететін, ұйым өкілі.

Өткізуді ынталандыру

Өткізуді ынталандыру коммуникация кешендерінің бірі болып келеді. Ол нарыққа қысқа мерзім ғана әсер етеді. Өнімді дайындаушы және табыс ету бөлімдерінің қызметкерлері, сатушылар, сауда делдалдары тұтынушыға сауда жасау үшін стимулдаушы әсер етеді.

Өткізуді ынталандырудың міндеттерін анықтау. Алдымен ынталандырушы факторлардың инегізгі міндеттері жүзеге асыру үшін жоспар құрылады.

Дайын тауарлардың өтімділігімен айналысатын ұйым қызметкерлері, сауда делдалдары, сатушылар, сатып алушыларға қатысты ынталандырушы әсерлердің маңыздылығы анықталады.

Қоғамдық байланыстар. Ұйымның коммуникациялық саясатының құрамдас бөліктерінің бірі – қоғамдық байланыстар.

Ол ұйым және оның тауары туралы оң қоғамдық пікірді қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Әдетте оң пікір ұйымның бұқаралық ақпарат құралдарымен, аудиториямен, инвесторлармен, мемлекеттік органдармен жақсы қарым-қатынаста болумен анықталады.

Логистика ғылым ретінде тауарлар қозғалысының төте материалдық легін басқарудың жаңа тиімді әдістерін жасау арқылы ұйым, кәсіпорындар қызметінде практикалық тұрғыда сол әдістердің қолданылуын қамтамасыз етеді. Ғаламдар мен практикалық мамандардың пікірлерінше логистикалық әдістерді қолдану негізінде материалдық қорларды 30-70% қысқартып, өнім, тауарлардың сақталу уақытын азайтып, өндірушілерден тұтынушыларға дейінгі қозғалыстарын жылдамдатып, тауарлар қозғалысы жүйесінде экономикалық тиімділікті қамтамасыз етеді.

Фармацевтикалық логистика – дәрілік заттардың басқа да фармацевтикалық тауарлардың қозғалысын ақпараттық, финанстық және сервистік жағынан қамту негізінде оңтайландырудың және басқарудың тиімділігін арттыруға, сонымен қатар фармацевтикалық көмекті тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал жасайтын ғылым және практикалық қызмет.

Фармацевтикалық ұйым түрлері:

- Фармацевтикалық компания
- Фармацевтикалық фирмалар
- Фармацевтикалық зауыттар
- Дәріхана

Фармацевтикалық нарықтағы тауарлар қозғалысының логистикасын схема түрінде көрсетуге болады. Фармацевтикалық тауар, өнімдерді өндіруге алынған шикізаттар (дәрілік субстанциялар) тауарөндірушінің қоймасына түседі, кейін тауар өндірушілерге беріледі. Тауар өндірушімен өндірілген дайын фармацевтикалық тауарлар мен өнімдер дистрибьютерлерге беріледі, олардар фармацевтикалық көтерме және бөлшек сауда жүйелеріне түсіп, кейін соңғы тұтынушыға жетеді.

Фармацевтикалық тауарлардың тауарөндірушілерден тұтынушыларға дейінгі жылжуында тауарлар қозғалысы каналдары қалыптасады. Тауарлар қозғалысының әртүрлі транзиттік формалары болады. Мысалы, тауарлар тауарөндірушілерден делдалдық звеноларсыз тікелей сатылу немесе тұтыну орындарына жеткізіледі және тауарлар тауарөндірушілерден сатылу немесе тұтыну орындарына бір немесе бірнеше дистрибьюторлық қоймалар арқылы жеткізіледі. Тауарлардың қозғалыс каналдарын таңдау оларды өндірушілерден соңғы

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 44 беті |

тұтынушыға жеткізу жалдамдығына, уақытына, сақтандырылуына және бағаларына тікелей әсер етеді.

Тауарлар өндірушілерден тікелей тұтынушыға жеткізілсе, дистрибуция каналы нөлге тең болады немесе делдалдар болмайды. Тауарларды дистрибуциялаудың нөлдік деңгейінде екі қатысушы ғана болады. Тауарлар қозғалысы каналына делдалдар немесе, дистрибуторлық фирмалар кірсі, көпдеңгейді каналға айналады. Қатысушы делдал саны біреу болса бірінші деңгейлі канал болады. Қатысушы делдалдар саны екеу болса екінші деңгейдегі канал болады.

Фармацевтикалық тауарларды дистрибуциялау каналдары вертикалды және горизонталды бағыттарда болады. Дистрибуциялаудың вертикалды каналдарына тауарөндіруші–дистрибутор–бөлшектеп сату жүйесі – тұтынушы жатады, горизонталды каналдарына дистрибуторлық көтерме сауда бірдей деңгейдегі фирмалар жатады. Ірі фармацевтикалық компаниялар фармацевтикалық тауар, өнімдерді тұтынушыларға жеткізуде тауарлар қозғалысы каналдарының барлық түрлерін қолданады.

Дәрі-дәрмектердің тауарөндірушілерден тұтынушыға дейінгі қозғалысы кезіндегі уақыттың көп бөлігі, оларды сақтауға жұмсалады. Сондықтан тауарлар қозғалысы жүйесінде майда көтерме сауда арқылы тауарларды сататын дәріханалық қоймалардың маңызы өте үлкен. Дәріханалық қойманың аталған түрі дәріханалық ұйымдарды, емдеу-профилактикалық мекемелерді және басқа да кәсіпорын,

ұйымдарды дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, басқа да фармацевтикалық тауарлармен камтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады. Тауарларды майда көтерме сауда арқылы сату дәріханалық қоймаларының негізгі міндетіне бекітілген заңдылық-нормативтік құжаттардың және сапа талаптарын қанағаттандыратын дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды қабылдау, сақтау және оларды дәріханалық ұйымдарға, емдеу-профилактикалық мекемелерге, басқа да ұйымдарға және фармацевтикалық өндірістік шағын кәсіпорындарға босату жатады.

Фармацевтикалық тауарлардың қозғалысы – тауарларды өндірушілерден сатылуы өткізілу орындары арқылы тұтынушыға дейінгі физикалық түрдегі жылжу процесі құрайды. Осы аталған кезеңдердің бәрін біріктіретін логистика болып табылады.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

4.5. Әдебиеттер. Қосымша 1.

4.6. Бақылау сұрақтары:

1. Коммуникация құралдарына нелер жатады?
2. Жарнама. Жарнаманың негізгі түрлері қандай?
3. Жеке сатылым қалай жүргізіледі?
4. Өткізуді ынталандыру
5. Қоғамдық байланыстар
6. Фармацевтикалық ұйымдардың түрлері. Микрологистикалық жүйе.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 45 беті |

4.1. Сабақтың тақырыбы. №10. Экономика негіздеріне кіріспе.

Дәріханалық ұйымдар қызметінің негізгі экономикалық көрсеткіштерін жоспарлау.

4.2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға саяси экономика, макро, микроэкономика, фармацевтикалық экономика туралы түсініктер беру.

Оқыту: Фармацевтикалық экономика – шектеулі дәрілік зат ресурстарын қолдану, басқа да дәріхана ассортиментіндегі тауарларды қолдану, басқа да дәріхана ассортиментіндегі тауарларды қолдану және олардың эффективті жұмсалуды қадағалайтын, осы мәселелер аймағын зерттейтін ғылым. Фармацевтикалық экономика мемлекеттің макроэкономикалық жүйесінің құрам бөлігі ретінде қарастырылады, сондықтан да ол жалпы және жеке принциптер қатарымен базаланады.

Тәрбиелік: Оқушылардың фармация мамандығын меңгеруде өз құқықтары мен міндеттерін білуі халыққа фармацевтикалық көмек көрсетуде дұрыс патриоттық сезімін қалыптастыру.

Дамыту: Тұрғындарды медициналық және дәрілік заттармен қамтамасыз етуде дұрыс патриоттық сезімін қалыптастыру.

4.3. Дәріс тезистері:

Фармацевтикалық экономика басқа ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып, интегралды ережелер (дисциплина) қатарына жатады: математика мен статистиканың (анализге арналған құралдар және ұйымдардың экономикалық көрсеткіштерін болжауда); химия, медициналық биологияның (дәрілік зат алу үшін негіз ретінде – фарм. өсімдіктердің өнімдері қолданылады). Сонымен қатар социология, политология, психология, менеджмент және маркетинг аумағынан мүмкіндік, әдіс-тәсіл және тәжірибе алады.

Фармацевтикалық экономиканың интегралды мінездемесі қазіргі кезде заманауи экономикалық теорияда үш құрамды қосылыс арқылы түсіндіріледі:

- Саяси экономика
- Микро и макроэкономика
- Мемлекеттің меншікті жүйесі

Адамдар арасындағы экономикалық іс-әрекет және шаруашылық жағдай әртүрлі сәйкестіктерді ескеруге мәжбүр етеді. Осы ұйқастан процестің біз екі жағын қарастырамыз:

Объективті – ең алдымен меншік қатынасымен анықталады;

Субъективті – шаруашылықтағы әртүрлі субъектердің (қолданушы, ұйымдар, мемлекет) экономикалық ұстанымдар ролін анықтайды.

Жаңа экономикалық теория объективті заңдармен шаруашылықты дұрыс жүргізуді және әртүрлі дәрежеде (мега - , микро - , макро – дәрежелер) шаруашылықтағы субъектілердің рациональды ұстанымдарын терең зерттейді. Оның талдауындағы маңызды объект болып жаңа (араласқан) экономика табылады.

«Экономика» сөзінің мағынасы бір мағыналы емес, күрделі құрылымды категория. Сол сияқты фармацевтикалық экономика сөзін де талқылаған кезде осы қиындықтарға жолығамыз, яғни, бұны әртүрлі көзқараста қарастыруға болады.

I. Фармацевтикалық экономика – ол қоғамда денсаулықты сақтау және қолдау үшін дәрі-дәрмектерді медициналық бұйымдарды өндіретін, бөлетін және сататын бірлескен салалар жиынтығы.

II. Фармацевтикалық экономика – фармацевтикалық көмек көрсету кезіндегі, процесстің жүру барысындағы шарттары мен адамдардың осы іс-қимылға бағытталған жер механизмі.

III. Фармацевтикалық экономика – шектеулі дәрілік зат ресурстарын қолдану, басқа да дәріхана ассортиментіндегі тауарларды қолдану, басқа да дәріхана ассортиментіндегі тауарларды қолдану және олардың эффективті жұмсалуды қадағалайтын, осы мәселелер аймағын зерттейтін ғылым. Бұл іс-әрекеттер жергілікті тұрғындардың, медициналық көмек

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 46 беті |

көрсету органдардың басқа да мекемелер мен ұйымдардың қажеттіліктерін соның ішінде фармацевтикалық көмек көрсету барысындағы қажеттіліктерін максимальды қанағаттандыру мақсатында жүргізіледі.

Фармацевтикалық экономика мемлекеттің макроэкономикалық жүйесінің құрам бөлігі ретінде қарастырылады, сондықтан да ол жалпы және жеке принциптер қатарымен базаланады.

Жалпы принциптеріне жатады:

- нақтылық экономикалық заңдардың есебі
- экономика ғылымын анықтайтын және әр бір экономикалық теорияның бастапқы жайы болып келетін – ресурстардың шектелуі және шектеусіз
- қажеттілік
- теория мен тәжірибенің қарым-қатынасы
- микро және макроанализдің бірлігі
- шындық, тарихтық принципі

Жеке принциптеріне жатады:

- денсаулыққа қарабасының мүддесі. Бұл принцип табиғи әр жеке тірі адамның өмір сүруінің негізі болып табылады.
- фармацевтикалық қызмет көрсету кезінде ресурстарды үш тиімді пайдаланудың іс-әрекеті
- әр түрлі экономикалық әрекеттерінің сандық есептелуі

Қазіргі экономикада материалды ресурстардың қозғалысы үш сферада тіршілік етіп бір-бірімен қатынасады.

Материалды ресурстардың қозғалысы

Ішкі ортада алынған ресурстардың дайын өнімге айналдыру процесі және ұйымның шаруашылық қаржылық жұмыс барысында неізгі экономикалық көрсеткіштерінің есебі, талдау және жоспарлау жүргізіледі.

Сыртқы орта бірнеше сатылардан тұрады

1. Макроорта – оған әсер ететін факторлар – саясат, әлеуметтік, экономикалық, технологиялар, мәдениет және табиғи ресурстар. Сыртқы ортаның факторлары осы ұйымның қызметін шектеуге не болмаса өркендеуіне әсер ететін себептер немесе жағдайлар тудырады.

2. Микроорта – ұйымның қызметіне тікелей әсер ететін факторларды біріктіреді (сатушылар, әртүрлі тұтынушылар, тексеру органдары, салық органдары және т.б.)

Дәріханалық ұйымдардың негізгі мақсаты болып – дәріханадағы тауар ассортиментіне сұранысты қанағаттандыру және пайда табу табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін экономикалық іс-әрекетті тиімді пландау, болжамдау сапасы көп септігін тигізеді.

Болжамдау (пландау) – негізгі мақсаттарды, іске асуы мүмкін жағдайларды сонымен қатар олардың орындалуын қалыптастыратын процесс.

Пландау, болжамдау процесі экономикалық көрсеткіштердің орнығуын жіті қадағалайды. Бұл көрсеткіштер шектеулі ресурстардың толық қолданылуы кезінде күткен экономикалық нәтижелерге толық қол жеткізуге әкеледі.

Мекеменің экономикалық іс-әрекетін болжамдау, пландау барысында анализге әртүрлі ұстанымдар мен көрсеткіштер ұшырады, яғни, осылар арқылы жүзеге асырылып отырады.

Негізгі экономикалық көрсеткіштер. Фармацевтикалық сауда ұйымдарының іс-әрекеттерінің негізгі экономикалық көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- тауар айналымы (реализация көлемі)
- жалпы (валовый) кіріс (сауда үстемесі)
- шығыстар мен кеткен қаржылар (шығындар)
- тауар қоры және айналымдағы басқа заттар

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 47 беті |

- сауда іс-әрекетінен түскен жалпы (валовый) кіріс, сонымен бірге операциялы және реализациядан тыс кіріс

- таза табыс

Экономикалық талдау әдістері:

- а) балансты
- б) нормативті
- в) есепті-аналитикалық
- г) экономико-математикалық
- д) эффективті экономикалық әдіс

4.4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

4.5. Әдебиеттер. Қосымша 1.

4.6.Бақылау сұрақтары:

- 1.Тауар айналымы жүйесіндегі фармацевтикалық экономика.
- 2.Фармацевтикалық экономика – мемлекеттің макроэкономикалық жүйесінің құрам бөлігі ретінде.
- 3.Фармацевтикалық сауда ұйымдарының экономикалық жүйесі.
4. Дәріханалық ұйымдар қызметінің негізгі экономикалық көрсеткіштерін жоспарлау.
5. Саяси экономика, макро, микроэкономика, фармацевтикалық экономика туралы түсініктер.
- 6.Экономикалық талдау әдістері.

4.1. Сабақтың тақырыбы. №11 Дәрілік препараттарға баға қою негіздері

42. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға дәрілік препараттарға баға қою, жаңа тауарларға баға қою әдістерін,баға саясатын, стратегиясын үйрету.

4.3. Дәріс тезистері:

Нарықтық экономиканың негізгі элементтері баға мен баға құрылымы болып табылады. Баға-күрделі экономикалық категория.Нарықтық жағдайда экономикалық таңдауда тұтынушылар мен өндірушілердің арасында бағалар негізгі бағдар болып табылады.

Тұрғындарды және ЕПМ дәрілік заттармен қамтамасыз ету сферасында ДЗ баға құрылу проблемасы ең күрделі болып табылады. Оның себебі, фармацевтикалық өнімнің әлеуметтік маңызы бар. Біріншіден тұтынушыларға бұл бағалар қолжетімді болуы керек, екіншіден тауар өткізу жүйесінің кәсіпорындары мен өндірушілердің пайда табуын қамсыздандыру керек.

Баға- ол тауардың (қызметтік) ақша түріндегі құндылығы (оның ішіне кіретін өндіріске және нарықта жылжуына кететін шығын мен жоспарланған пайда.)

Баға қою- баға құрылу процесі.

Бағаның түрлері: ДЗ айналымында әр түрлі өзінің бағытына және түріне байланысты бағалар іске асырылады.

1) Өндірушінің бағасы- тауар жылжу жүйесіндегі тауардың ары қарай жылжуы бағаға байланысты.

Тауар өндірушінің бағасы барлық өндіріс және маркетингтік шығындар +күткен пайда соммасына тең. Одан басқа бағаның құрылысына салықтар, (бағаның өсуіне әсер ететін НДС, акциздер) кіреді. Бұл бағамен өндіруші тауарды көтерме тауар жеткізушілерге босатады:

$$B_{\theta} = \text{Ш}_{\theta} + \text{Ш}_{\text{м}} + \text{П} + \text{НДС}$$

B_{θ} -өндірушінің бағасы

$\text{Ш}_{\theta}; \text{Ш}_{\text{м}}$ - өндіріс және маркетингтік шығын

П -пайда;

3) Көтерме баға- көтермелей тауар жеткізушілердің (дәріханалық қоймалар, фирмалар) бағасы. Осы бағамен ДЗ бөлшек сауда дәріханаларға босатылады. Бұл баға тауар өндірушінің

| | | |
|--|--|--|
| O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 48 беті |

сатып алу бағасының+сақталуына, тауардың өңдеуіне маркетингтік шығындар+ күткен пайда. Рк= Бө+Ш+П+НДС Бө-өндірушінің бағасы Ш- көтерме кәсіпорынның гдығыны П-пайда

5) Бөлшек сауда бағасы- дәріханада, тұрғындарға ДЗ босатқандағы қолданатын баға. Бөлшек сауда бағасы тауар жеткізушінің көтерме бағасына дәріхананың айналым шығындарын өтеуге сауда қоспасы және жоспарланған соммасынан тұрады:

Бб=Бж+Қ+НДС

Бб- бөлшек сауда бағасы

Бж- тауар жеткізушінің көтерме бағасы

Қ-сауда қоспасы

6) Нарықтық баға- ұсыныс пен сұраныспен анықталатын және нарықтың жағдайына қарай өзгертін осы нарықтағы қалыптасқан баға.

7) Келісімді баға- тауар жеткізушімен тұтынушының арасындағы жасалынан келісім шарт(контракт) негізіндегі баға.

8) Базистік баға- сауда биржаларында саудаласу арқасында шығатын баға. Ол көтерме және контрактілі баға негізі болып табылады.

Кәсіпорынның баға саясаты

Кәсіпорынның баға саясаты- ДЗ, және медициналық бұйымдардың бағаларын анықтауға арналған шаралар. Дұрыс құрылған бағалық саясат кәсіпорынға фармацевтиканың нарық мүмкіндігін туғызады.

Фармацевтикалық нарықтың баға саясаты 3 негізгі талаптарды қамту керек:

- 1) Экономикалық тиімді болу (шығындарды өндеп және пайда алу)
- 2) Сатып алу қабілеттілігіне сай болу
- 3) Ұйымның бәсекелестік мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Баға саясатының негізгі этаптары:

- 1) Баға құрылудың мақсатын қою
- 2) Бағалық стратегиясын таңдау
- 3) Бағаны талдау, дұрыстау және бақылау.

Баға саясатын баға құрылу мақсаттарынан бастау керек. Келесі бағыттарға:

- Сату көлемін жоғарылату
- Өндіріс кезіндегі бақылау
- Шығу кезіндегі бақылау

Сату көлемін жоғарылатуға бағытталған бағалар тауардың сату көлемі оның сұранысына тікелей байланысты екені белгілі. Баға мен сұраныс теріс пропорциональды. Сұраныстың бағаға сезімділік дәрежесі иілгіштік коэффициентімен анықталады. Сол себептен дәріхана тауардың сату көлеміне бағытталған болса, ДЗ сұранысының иілгіштігі бар ма жоқ па ескеріп отыру керек.

Сұраныстың иілгіштігін бағалау үшін оның әр түрлі бағаларда өлшеп ие болмаса тұтынушыларға сауалнама жүргізу арқылы жүргізіледі.

Егер баға өзгергенде сұраныс өзгермесе (К), сұраныс аз иілген. Бұл келесі жағдайлармен байланысты:

- 1) ДЗ алмастыратын дәрі жоқ кезде, не болмаса өте аз (кант диабетіне қолданылатын инсулин); Бағаның өзгеруін тұтынушылар байқамайды

Тұтынушылар бағаның өсуін кәдімгі процесс, дәрілердің жоғары сапалы және эффектілігімен байланыстырады (мысалы: Польшадан шыққан Циннаризинге, қымбат (Венгрияның) Стугеронына көңіл бөледі). ДЗ тегін және жеңілдікпен босататын дәрілер

Суықтан аз иілгіштігі аз сұранысы бар дәрілерге бағаның арзандауы сату көлеміне аз әсер етеді.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 49 беті |

Қорытынды: Тауардың сұранысты иілгіштігі жоқ дәрілердің бағасының төмендеуі- сату көлемінің азаюына әкеледі.

Сұранысы иілгішті тауарларға рецептсіз босататын дәрілер, гигиена, емдеу косметика медициналық бұйымдар жатады.

Егер ДЗ сұраныс иілгішті болса (К) бағаның арзандауы сату көлемінің көбеюіне әкелдіреді.

Қорытынды: сұранысы иілгішті ДЗ-дың бағаның арзандауы пайдалы, себебі сату көлемі жоғары темппен тез өседі.

Ағымды пайда өсуіне бағытталған бағалар.

Бұл кезде тауардың босатылуына және өндіріске кеткен шығындарға байланысты бағыт қою керек.

Фармацевтикалық ұйым сондай баға таңдайды, шығындарды толық өтеп және максималды пайданы қамтамасыз ететін.

Бағаны нақтылай таңдау келесі диапазонда анықталады: Минималды бағаны өндірістің шығындары ал максималды бағаны сұраныс анықтайды. Бағаның таңдаған параметрлері өндіріске сақтауға, өткізуге кеткен барлық шығындарды өтеу және күткен пайданы кіргіздіру керек.

Бірдей жағдайда тиімді жұмыс істегендер ұтып алады.

Бәсекелес жағдайда тіршілікке бағытталған бағалар осындай баға құрылу мақсатын таңдағанда бәсекелес фирмалардың тауарларының бағаларын, сапасын және ассортиментін білу қажет. Бірақ бұл стратегияда дәріхана өзінің шығындарын өтесе ғана ақталады. Осыған орай, баға құрылу мақсаттарын таңдағанда негізгі факторлар болып тұтынушылардың сұранысының құрамы мен көлемі; кәсіпорынның шығындары, жергілікті нарық бәсекелестерінің бағалары.

Жаңа тауарларға баға қою әдістері

«Майын алу» әдісі- жоғарғы баға қою стратегиясы. Бұл әдіс- өте жоғары баға қойылып тауардың өңдеуіне және жеткізуіне кеткен шығындарын және керекті пайданы жоспарлап қысқа мерзімде пайда түсіріп, «Майын алу» болып табылады.

Бұл келесі жағдайда іске асырылады: Осы тауарға жақсы реклама болғанда; Бәсекелестер жоқ болғанда; Осы тауардың нарықта жоқ болуы.

Жаңа тауарға нарықта басқа өндірушілердің жоқ кезінде баға ұзақ ұсталынып тұрады. Егер бәсекелес фирмаларда бұл тауар пайда болғанда, бағаны азайту тиімді.

Егер тауардың бағасы нарыққа шыққан кезде өте жоғары болса, бағаның төмендеуі фирмаға үлкен пайда әкеледі.

Жоғары бағалар оригинальды, беделді ДЗ, және емдік косметика. Осылай тауардың жоғарғы сомасын және компанияның беделін қорғайды.

«Ену» стратегиясы, не болмаса нарыққа терең енгізу. Нарықтың үлкен көлемін және тұтынушылар санын көбейту мақсатымен тауарды нарыққа өте төмен бағамен шығарады. Осындай бағаларды тауарлардың сұранысына жоғарғы баға иілгіштігі бар және нарыққа бәсекелес фирмалардың шығуына шектеуге арналған.

«Бәсекелес фирмалардың бағалары негізіндегі» стратегиясы. Нарыққа шыққан кезде компания осы тауарға нарықта үйренген бағаны қояды. Осындай көзқарас ыңғайлы, себебі бағаны иілгіштік коэффициенттер мен тауарға нарықта сұраныс пен ұсыныс есептеуді қажет етпейді. Бірақ бұл әдіс кәсіпорынның шығындарын одан түсетін пайдасын есепке алмайды.

«Шығынды қосу стратегиясы». Осы әдіс өндіріске және тауардың нарықты жүргізуіне кеткен орта шығындарды өлшеуге негізделген. Басқа сөзбен айтқанда өзіндік құнына алдын ала есептелген пайда нормасын қосу арқылы есептеледі.

Осы әдісті қолданғанда есеп келесі формуламен жүргізіледі:

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 50 беті |

Баға= айналым шығындар+ пайда тауарлар саны

Бірақ, бұл әдіс нарықтағы болып жатқан жағдайды тауарлардың бағасы мен оларға ұсыныс пен сұраныс заңдылықтарын есепке алмайды.

«Тұтынушылар психологиясында негізделген» стратегиясы. Тауарларға бағалар бәсекелес фирмаларға қарағанда сәл төмендеу қойылады. Мысалы 100 тенге емес, 99 тенге қойылады.

Фирманың репутациясы (беделділігі) негізінде баға құрылуы

Беделді бағалар беделді тауарларға және ДЗ-ға қойылады. Мысалы: «Байер» фирмасы шығаратын Аспиринге басқа өндірушілерге қарағанда бағасы бірнеше рет қымбат. Оның себебі осы тауардың сапасы әліде жоғары басқа өндірушілерге қарағанда бұл тәртіп оригинальды атауының үстінен «R» белгісі бар барлық патенттелген ДЗ сақталады.

Беделді тауарларға жоғары баға қою үшін бұл ДЗ-тың эффектілігі, сапасы жоғары болуына сенімді болу керек. Нарықта осыған үйлесті (аналогтар) эффектілі, ДЗ жоқ екендігі және осындай тауарға тұтынушыларды көп төлеуге дайын болуына сенімді болуы керек.

Нарықта бар тауарларға баға құрылу әдістері

Әр тауарға, оның ішінде ДЗ өзінің өмірлік циклі бар. Тауардың барлық өмірлік циклінде баға құрылу стратегиясы өзгеріледі. Тауардың баға өзгеру келесі этаптар өтеді:

Бірінші этап- «нарыққа енгізу». ДЗ нарыққа шығуы өткізу көлемі шамалы өсуін сипатталады. ДЗ бағасы ереже ретінде жоғары болып, өндірістің шығынын өтеуге және нарыққа шығаруға бағытталған. Сату көлемі үлкен емес, шығындары жоғары болған себептен бұл этапта пайда әлі жоқ.

Екінші этап- «өсу этапы». Сату көлемі өсетін период. Бұл кезде бағалар жайлап түсіп, осыған орай пайданың өсуіне әкелдіреді.

Үшінші этап- «пісу этапы». Өткізуді азайту, бағалар ең төмен, бәсекелестердің тауарды қорғау үшін кеткен шығындардың өсуіне байланысты пайда түседі.

Төртінші этап- «түсу этапы». Сату көлемі мен пайданың қатты түсуі. Шығындарды өтеу үшін бұл кезеңде бағаларды жоғарылатады.

Нарықта бар тауарлардың баға құрылу стратегиясы келесі әдістермен жүргізіледі:

1. «Бағаны сақтау» стратегиясы:

А) ұзақ мерзімдік бағалар- бұқаралық сұранысқа, сұранысы бірқалыпты жоғары тауарларға бейімделген.

Б) иілгішті баға- сұраныс пен ұсынысты көлемінің өзгеруіне тез төзімді, өсуіне және түсуіне.

В) тұтынушы сегменттілік бағасы- нарықтың әр түрлі сегменттерінде дәл сол тауарларға әр түрлі бағалар қойылады.

2. «Бағаны азайту» әдісі- бәсекелес жағдайда қорғану шаралары.

Бұл кезде келесі бағалар қолданылады:

А) бірқалыпты түсетін баға. Ол ұсыныс пен сұраныстың есебінде негізделген. Нарықтың тауармен толған сайын сұраныс түседі, ал сұраныстың баға иілгіштігі жоғары болса, бағаның түсуі сатып алушыларды тартады және сату көлемін ынталандырады.

Б) артықшылықтық баға. Бағалардың түсуі нарықта тауардың басқа тауарларға қарағанда артықшылығын сақтауға мүмкіндік беруі. Бұл тек өнімнің жоғарғы сапасы тауарларға бейімделген.

3. «Бағаның өсу» стратегиясы. Бұл тауарлардың маусымдық бағытымен қолданылатын ДЗға және нарықта монополия ұстайтын дәрілік заттар арналған.

Бағаны түзету

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | Дәріс кешені | 77/ 11 56 беттің 51 беті |

Кәсіпорынның баға саясатының үшінші кезеңіндегі бағалардың түзету механизмдерін қарастырады. Көтерме және бөлшек сауда айналымының сатып алушыларына әр түрлі жеңілдіктер мен тауарға үстеме баға қою арқылы жүргізіледі:

- Үлкен партиямен босатқан кезде жеңілдіктер
- Нақтылай ақшаға төлеу жеңілдіктер
- Айналымға(1 айналымға) жеңілдік
- Тұрақты клиенттерге жеңілдіктер
- Белгілі бір уақытта жеңілдіктер
- Маусымдық тауарларға үстеме бағалар
- Бөлек сұранысқа үстеме баға
- Қосымша қызметтерге үстемелер.

Нарықтың конъюктурасы өзгерген кезде дәріхананы жеңілдіктер мен үстемелер жүйесін уақтылы қолданылып нарықты басқаруға мүмкіндік етеді.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

4.5. Әдебиеттер. Қосымша 1.

4.6.Бақылау сұрақтары:

1. Баға - экономикалық категория .
2. Баға саясатының тепе-теңдік түрі.
3. Баға саясатын жүзеге асыру кезеңі.
4. Дәрілік заттарға баға құру.
5. Бағалық стратегия.

4.1. Сабақтың тақырыбы. №12 Менеджмент, басқару қызметтері туралы түсінік және оларды реттеу.

4.2. Сабақтың мақсаты: Студенттерге менеджмент басқару қызметтері туралы түсінік қалыптастыру.

4.3. Дәріс тезистері:

Менеджмент (басқару) – адамдардың еңбегін қолдану арқылы қойылған мақсаттарға жету процесі.Менеджмент термині ағылшынның «management» сөзінен тұрады, аудармасы « басқару» , меңгерушілік», «ұйымдастыру».

Басқару – қойылған нәтижелерге жету үшін басқару субъектісінің басқару объектісіне бағыттағы түрде әсер ету процесі.

Басқару субъектісі – үкіметтік әсер етуші физикалық немесе заңды тұлға.

Практикалық тұрғыда алғанда, басқару – объектісінің жұмыс істеу үшін оптимальды жағдайларды жасауға бағытталған қызмет.

«Менеджмент» термині «басқару» терминінің аналогы болып келеді. Алайда «басқару» термині қызметтің әр түрлі түрлерінде қолданылса, «менеджмент» термині тек қана нарық жағдайында қызмет ететін ұйымдық әлеуметтік экономикалық процестерін басқаруға қолданылады.

«Менеджмент» түсінігін басқарудың ғылыми мен практикасы, фирманы басқаруды ұйымдастыруды және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдау процесі ретінде қарастыруға болады.

Басқарудың ғылыми негіздері дегеніміз басқару практикасының теориялық базасын құрастыратын, ғылыми кеңестердің көмегімен менеджмент практикасын қамтамасыз ететін ғылыми білімдер жүйесі.

Менеджменттің маңызды міндеті тұтынушылардың сұранысын ескеріп, қолда бар қорларды пайдаланып тауарлар мен қызметтердің өндірісіне ұйымдастыру т.т.

| | |
|---|---|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | 56 беттің 52 беті |

100 жылдың ішінде басқару ғылыми өзінің дамуының 4 кезеңінен өтті. Мұны белгілі бір ғылыми мектептер мен басқару теориясымен байланыстырады.

Кезең I (1885- 1920) – ғылыми басқару мектебі өкілдері :Ф, Тейлор, Г, Эмерсон, Г, Форд, Г, Гилберт, Г, ГАНТ теорияның ең басты жетістіктерінің бірі В. Тейлор жүйесі ғылымның мүмкіндіктерін көрсетті, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізген кезде пайда алып келетіндігін дәлелдеді.

Заманауи ұйымдардың тәжірибесінде басқаруға ғылыми тұрғыда қарауы, жұмыстың орындалу тәсілдерінің анализі (хронометраж), еңбекті стимулдау мен нормалау қолданылады.

Кезең II « 1920-1950) – административтік (классикалық) мектеп. Бұл теорияның негізін француз А.Файоль қалады. Ол басқару принциптерін жасады: еңбекті басқаруды үлестіру, жауапкершілік, дисциплина, басқару- алдын – ала болжау, ұйымдастыру, жарлық беру, координациялау және бақылау. А. Файоль ең алғаш рет басқарушыларға арнайы білім беру қажеттілігі туралы мәселені көтерді.

Заманауи менеджментті : ұйымға – басқару объектісі ретінде қарайды.

Кезең III (1930 – 1950) – адамдық қарым – қатынастар мен тәртіптің ғылыми мектебі): (неоклассикалық элеуметтану және психология). Бұл мектептің негізін салушы А. Маслоу. Ол адамдардың мінез құлқын зерттеп, мінез – құлықтық мотивтерге қасиеттіліктер кіреді деген шешімге келді. Қажеттіліктер иерархиясын жасады. Қажеттіліктер иерархиясы (Маслау)

өзін көрсете білуге

/

құрметке деген

/

Керек- жараққа деген

/

Қауіпсіздікке деген

/

Физиологиялық

(басқа адамдар тұрғысынан
қошемет, құрметке бөлену)
бір адамға не бір затқа
(тағам, су , пәтер, т. б.

Заманауи ұйымдарда коммуникацияның факторлары мен заңдарын, топтық динамика мен көшбасшылықты, ұйымдардағы адамдардың Мінез – құлқын зерттеу тәсілдерін, т. б. белсенді адамдық қорларды кең қолданады.

Кезең IV (1950 жылдан бастап) – сандық тәсілдер мектебі. Жүйелердің жалпы теориясының негізін салушы физик және биолог Л. Берталанфи. Бұл кезең қолданбалы математика мен электронды – есептеуіш техникасының дамуымен байланысты. Осы кезеңнен бастап ғылымның техникалары мен кибернетикалық тәсілдері енгізіле бастады.

Ұйымның қызметіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар туралы білімнің дамуына байланысты басқарудың дәстүрлі мектептерінің модификациялары пайда болды, басқаруға үрдістердің және операциялардың бір- бірімен байланысқан үздіксіз жүйесі. (ғылыми басқару мектептерінен басқа барлық мектептерде)

Жүйелі ұйымдастыру – басқарудың ірі ,күрделі, ашық элеуметтік – экономикалық жүйесі) адамдардың қарым –қатынасы мен тәртіптік ғылымдар мектебі, сандық тәсілдер мектебі)

Ситуациялық. Ұйым – сыртқы ортамен үнемі байланыста болатын ашық жүйе. Ол басқарудың принциптерінің, әдіс – тәсілдерінің берілген жағдайға адаптациялану қажеттілігін анақтайды.

Менеджментке тән сипаттамалар оның экономикалық, элеуметтік- психологиялық, құқықтық және ұйымдастырушылық – техникалық аспектілерін анықтайды.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 53 беті |

Экономикалық теориямен менеджмент теориясы арасындағы басты айырмашылық экономикалық теория бойынша субъект нарықтың күштеріне бейімделеді, яғни басқару осы бейімделуге тәуелді. Ал менеджменттегі басқару түсінігіне тоқталсақ, менеджмент нарықтық күштерді анықтап қана қоймай, оларды құрастыру да керек.

Әлеуметтік – психологиялық аспектілер алдына қойған мақсаттарына жету үшін фирманың барлық қызметкерлерін басқару және ұйымдастыру бойынша ерекше топтың қызметімен сипатталады.

Құқықтық аспектілер мемлекеттік және экономикалық институттардың құрылымын, олардың жүргізетін саясаты мен анықтайтын заңнамаларын бейнелейді.

Менеджменттің ұйымдастырушылық – техникалық аспектісіне жағдайды рационалды бақылау, мақсаттар мен міндеттерге сәйкес стратегияларды жасау, рационалды жобалау, ұйымдастыру, әрекеттерді бақылау, сыйақылар беру, т.б. кіреді.

Фармацевтикалық ұйымдардың менеджменті, фармацевтикалық тауарлар мен қызметтердің айналымы саласындағы басқару қызметінің жалпы теориясы мен практикасы негізінде қалыптасты.

Фармацевтикалық менеджмент – фармацевтикалық сала қорларын тиімді қолдану мен координациялау немесе қызметтің әлеуметтік және экономикалық мақсаттарына жетуге арналған фармацевтикалық ұйымдар.

Басқарудың негізгі заңдарына сәйкес тұрғындарға фармацевтикалық көмек көрсету жүйесі дамиды.

1. Басқару жүйесінің тұтастығы мен бірлігі заңы кез –келген басқару жүйесінің еркіндік дәрежелерінің керек саны. Қамтамасыз ету заңы - әрбір ұйымның қызметіне субъективті және объективті шектеулер қою жолымен барлық жүйелердің тиімділігі мен қаттылығының оптимальды тіркесуін талап етеді.

2. Фармацевтикада объективті шектеулерге нормативтік – заңдық базаның әмбебаптығы, ал субъективтіге – басшылардың біліктілік деңгейі мен сапасы жатады.

3. Басқарылатын ішкі жүйелер мен басқарушыларының ара – қатынасы заңы (пропорционалдық заңы) –тұрғындарды дәрілермен қамтамасыз етудің әрбір кезеңі үшін оптимальды орталықтандыру деңгейі, басқарудың адекватты түрлері анықталу керек.

Фармацевтикалық мекемелердің негізгі құрастырушылары фармацевтикалық мамандар мен қосымша қызметкерлер, фармацевтикалық мекеме, фирмалардың мақсаты мен міндеттері, басқару процесін ұйымдастыруды құрайды.

Мамандар фармацевтикалық мекемелердің негізгі фармацевтикалық ұжымның мүшелері мекеменің негізгі фармацевтикалық функциясын атқарады., жұмыстың сапасы, ұйымның деңгейі мен мәдениеті, ұжымның ішкі климаты оларға байланысты анықталады. Оның барлығы менеджмент үшін өте қажет. Сондықтан да, білікті мамандарды дұрыс іріктеп пайдалануды, олардың өзара байланыстық жүйесін құруды, оларды бірлесіп жұмыс істеуге жұмылдыруды жеңілдетуге, дамытуға мүмкіншіліктер жасайды.

Фармацевтикалық мекемелерді басқару мекеменің негізгі мақсатына жету үшін барлық ресурс түрлерін қолданудағы өзара байланысты іс-әрекеттерді жүргізу процесі.

Менеджерлер фармацевтикалық мекемелерде басқару жұмысын ұйымдастырып жақсартуда негізінен үш роль атқарады. Менеджердің бірінші ролі мекеменің басшысы, өзінің қарамағындағы мамандар мен қызметкерлерінен үстем болуы. Менеджерлердің бұл ролі басқару процесіндегі формальды жүйені анықтаумен қатар басқару тәсілдерін және фармацевтикалық еңбек ұжымының, мамандар мен қосымша қызметкерлердің өзара қатынастарын жақсарту шараларын меңгерумен де анықталады.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 54 беті |

Менеджердің екінші ролі – Фармацевтикалық мекемелерде ішкі және сыртқы ортаның жағдайы туралы ақпараттарды жинаумен, онымен қатар жиналған ақпараттарды нормативтік нұсқаулық құжаттарға айналдырып, шығармашылық процесс түрінде мекеменің алдында тұрған мақсат міндеттерді орындауда қолдану арқылы анықталады.

Менеджердің үшінші ролі – басқару шешімдерін қабылдау. Менеджер басқару шешімдерін қабылдау ролін атқара отырып, фармацевтикалық мекеменің алдына қарай даму бағытын анықтайды, қолда бар ресурс түрлерін қолданудың негізінде мекеме жұмысын ұйымдастырады.

Менеджер аталған ролдерді орындау барысында фармацевтикалық мекемелерде жұмысты жақсартуға керекті қолайлы жағдайларды іздестіру мен қарамағындағы мамандарды және қызметкерлерді қолдау шараларын қатар жүргізеді.

Басқару тобының әрбір мүшесінің нақты міндеттері мен мақсаты анықталады. Әрбір басқарушыларға басқаруда жақсы нәтижеге жету үшін іскерлік қабілетін арттыру үшін мінездеме жазылу керек. Онда басқарушының мәліметтері, жұмыс тәжірибесі, үміткердің осы мамандығында жетістіктеріне куәгер болатын өткен жұмыстарындағы жетістіктері туралы жазылуы керек.

Басқару тобындағы әрбір мүшесінің еңбек ақысының мөлшері оның соңғы жұмыс орындағы жалақысымен салыстырып отырып көрсетіледі.

Егер фармацевтикалық кәсіпорын акционерлік қоғам ретінде жоспарланса, онда оның басшысының жеке өзінде қанша акция бар екенін және осы іске қанша қаражат жұмсағанына назар аударылады.

Фармацевтикалық мекемелерді басқару процесін ұйымдастыруда мына төмендегі әрекеттер реттілік жүйеде жүргізілуі керек:

1. Фармацевтикалық мекемелердің алдындағы мақсаттары мен міндеттерін анықтап, белгілеу.
2. Белгіленген мақсаттар мен міндеттерге жету тәсілдерін анықтау.
3. Фармацевтикалық мекемелердің жұмысын жоспарлау- нақты мамандардың жұмыс көлемін анықтау.
4. Фармацевтикалық мекемелердің іс-әрекетін мотивациялау, оған бағытталған ықпалды әсер ету.
5. Фармацевтикалық мекемелердің жұмысын жобалау- мамандардың негізгі функцияларын анықтау.
6. Жұмысты бағалау және есепке алу - жұмыс нәтижелерін өлшеу және оларды талдау.
7. Жұмыстың барысында бақылау жасау, істелінген жұмыстың нәтижесін мекеменің алдындағы мақсатымен салыстыру.
8. Мекеменің жұмысында кері байланыс заңдылығына сәйкес мақсат міндеттерін реттеу.

Менеджердің фармацевтикалық мекемелерде басқару процесін ұйымдастырып жақсартуда негізінен 3 роль атқарады:

1. Мекеменің басшысы, өзінің қарамағындағы мамандардың, қызметкерлердің лидері болуы.
2. Фармацевтикалық мекемелерде ішкі және сыртқы ортаның жағдайы туралы ақпараттарды жинаумен, сонымен қатар жиналған ақпараттарды нормативті нұсқаулық құжаттарға айналдырып, шығармашылық процесс түрінде мемлекет алдында тұрған мақсат міндеттерін орындауда қолдану арқылы анықталады.
3. Басқару шешімдерін қабылдау. Менеджер басқару шешімдерін қабылдау ролін атқара отырып, фармацевтикалық мекеменің алдына қарай даму бағытын анықтайды, қолда бар ресурс түрлерін қолданудың негізінде мекеме жұмысын ұйымдастырады.

4.4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

4.5. Әдебиеттер. Қосымша 1.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 55 беті |

4.6.Бақылау сұрақтары:

1. Менеджмент түсінігі.
2. Менеджменттің теориясы мен практикасы.
3. Менеджменттің теориясы мен практикасының эволюциясы.
- 4.Менеджменттің экономика теориясының байланысы Фармацевтикалық мекемелердің қандай негізгі құрастырушылары бар?
- 5.Фармацевтикалық мекемелерді басқару процесін ұйымдастыруда қандай әрекеттер жүргізіледі?
6. Менеджерлердің фармацевтикалық мекемелерде атқаратын ролі.
7. Бағытталған ақпаратты проблемалы жүйе дегеніміз қандай жүйе?

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы | | 77/ 11 |
| Дәріс кешені | | 56 беттің 56 беті |

Қосымша 1

1. Негізгі әдебиеттер.

1. Арыстанов Ж.М., Ахелова Ш.Л., Зулпыхарова А.Т. Управление и экономика фармации с основами менеджмента и маркетинга: Учебник. "Sky Systems" 2021
2. Шертаева К. Д. Фармация экономикасы: оқулық ; ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігі. ОҚМФА. - Шымкент: [б. и.], 2016. - 211б. С
3. Арыстанов Ж.М. Фармацияның басқарылуы және экономикасы. - Эверо, 2013ж
4. Арыстанов, Ж. М. Менеджмент и маркетинг в фармации: учебное пособие / Ж. М. Арыстанов, А. Т. Токсеитова. – Алматы: Эверо, 2016. - 532 с
5. Блинова, О. В. Фармацевтический менеджмент: учебник / О. В. Блинова; М-во здравоохранения РК; ЮКГФА. - Шымкент: Жасұлан, 2013. - 165 с
6. Арыстанов, Ж. М. Фармация саласындағы менеджмент негіздері [Мәтін]: практикум / Ж. М. Арыстанов. - Алматы : New book, 2022. - 160 бет.
7. Тиісті фармацевтикалық практикаларды ұйымдастыру және басқару негіздері: оқулық / К. Д. Шертаева , О. В. Блинова.-Жасулан 2022.
8. Организационные и управленческие основы надлежащих практик: учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова.-Жасулан 2022.

2. Қосымша әдебиеттер

1. Арыстанов, Ж. М. Менеджмент и маркетинг в фармации [Текст]: учебное пособие / Ж. М. Арыстанов, А. Т. Токсеитова. - Алматы: Эверо, 2016. - 532 с.
2. Сыздыкова, К. Ш. Менеджмент в здравоохранении [Текст]: учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, А. Р. Рыскулова, Ж. С. Тулебаев. - Алматы: ИП Изд-во "Акнұр", 2015. - 236 с.
3. Денсаулық сақтаудағы менеджмент [Мәтін]: дәрістік топтама / Ж. С. Төлебаев [ж/б.]. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 258 бет. С.

3. Электронды басылымдар

1. Арыстанов, Ж. М. Фармацияның басқарылуы және экономикасы : ТжКБ үшін оқулық / Ж. М. Арыстанов. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2024. — 593 с. <https://www.iprbookshop.ru/141744.html>
2. Арыстанов, Ж. М. Менеджмент және маркетинг негіздері : ТжКБ үшін оқу құралы / Ж. М. Арыстанов. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2024. — 204 с. <https://www.iprbookshop.ru/141747.html>
3. Арыстанов Ж.М. Фармация саласындағы менеджмент негіздері. Ж.М. Арыстанов. - Алматы: Эверо, 2020. – 160 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/175/
4. Тиісті фармацевтикалық практикаларды ұйымдастыру және басқару негіздері [Электронный ресурс]: оқулық / К. Д. Шертаева , О. В. Блинова [и др.]. - Электрон. текстовые дан. (27,3 МБ). - Шымкент : [б. и.], 2022. - 173+ эл. опт. диск (CD-ROM). - ISBN 978-9965-578-81-9
5. Шопабаева А.Р. Фармакоэкономика. Оқу құралы. 2019 ЦБ Акнурpress / <https://aknurpress.kz/login>
6. Тулемисов С.К., Жакипбеков К.С. Основные аспекты проектного менеджмента при создании фармацевтического производства готовых лекарственных форм. Монография. 2017 Акнурpress / <https://aknurpress.kz/login>
7. Мусина Н.С., Сыздыкова К.Ш., Тулебаев Ж.С., Маукенова А.А. Экономика и маркетинг в фармации. Учебное пособие. 2017 Акнурpress / <https://aknurpress.kz/login>
8. Рыскулова А.Р., Мусина Н.С., Сыздыкова К.Ш., Тулебаев Ж.С., Маукенова А.А., Сейітова А.Б. Фармациядағы экономика және маркетинг. Оқу құралы. 2017. Акнурpress / <https://aknurpress.kz/login>
9. Арыстанов Ж.М. Фармация саласындағы менеджмент негіздері. Ж.М. Арыстанов. - Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/175/
10. Арыстанов Ж.М. Фармация саласындағы менеджмент және маркетинг негіздері: Оқу құралы. - Алматы; Эверо, 2020. – 204 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/178/

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA

AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы

77/ 11

Дәріс кешені

56 беттің 57 беті